

**ТІЛ БІЛІМІ  
ЛИНГВИСТИКА  
LINGUISTICS**

**МРНТИ 16.21.47; 16.31.61; 16.21.61; 16.21.65**

*Алдаш А<sup>1</sup>.*

*<sup>1</sup>А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,  
Алматы, Қазақстан  
филология ғылымының докторы, профессор, [aitan\\_k51@mail.ru](mailto:aitan_k51@mail.ru)*

**АУДАРМА АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ЛЕКСИКАЛЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАР: ТАНЫЛУЫ  
МЕН НОРМАЛАНУНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Аңдатпа*

Елбасы Н. Назарбаевтың “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” атты бағдарламалық мақаласындағы асамаңызды бағыттардың бірі ретінде “тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану және филология ғылымдары бойынша студенттерге толыққанды білім беруге қажетті барлық жағдайды жасау”, бұл істің мақсаты – әлемдік ғылымдағы жетістіктерді концептуалды түрде талдай алатын және білім саласындағы жаһандық бәсекеге неғұрлым бейімделген мамандарды даярлау екендігі айрықша атап көрсетілді. Осыған байланысты “Жаңа гуманитарлық білім. 100 жаңа оқулық” жобасын жүзеге асыру бойынша ауқымды жұмыс басталды. “Ұлттық аударма бюросы” құрылды, алдын ала мәліметтерге қарағанда, соңғы жылдары гуманитарлық бағыттар бойынша әлемдік ғылыми әдебиет қорынан 54 еңбек аударылып, білім беру жүйелеріне енгізілген. Аударма арқылы жасалған бай материал қазақ тілтануының көптеген салаларының дамуы үшін маңызды. Біріншіден, аударма мәтіндердің тілі мен стилі қазақ лингвистикалық аударматануының теориялық және практикалық проблемаларының әдіснамасын, әдістері мен тәсілдерін тереңдете зерделеудің ғылыми-практикалық бай дереккөзі болып табылады, екіншіден, әлемдік ғылымдағы озық үлгілердің тәржімасы арқылы қазақ тілі лексикалық жаңалықтармен толық түседі. Бұл ретте орта білім беру жүйесіне арналған оқулықтардың да рөлі бар. Мақалада “Жаңа гуманитарлық білім. 100 жаңа оқулық” жобасы негізінде атқарылған еңбектердегі және орта білім беру жүйесіне арналған оқулықтардағы лексикалық жаңалықтар талданады. Лексикалық жаңалықтардың танылуы мен нормалануына қатысты теориялық және практикалық ұсыныстар жасалады. Эмпирикалық материалдар әлеуметтану, құқықтану, тарих, менеджмент, экономика, психология, биология салаларының аударма мәтіндерінен алынды.

Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрілігі Ғылым комитеті тарапынан қаржыландырылды (Грант № AP08855684).

**Түйін сөздер:** аударма, лексикалық жаңалықтар, нормаландыру, танылу, семантика, тілдік сана, жаңалыққа қарсылық, лингвистикалық бейімделу

*Aldash A.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Institute of Linguistics named after A. Baitursynov  
Almaty, Kazakhstan*

## LEXICAL INNOVATIONS CREATED BY TRANSLATION: SOME ISSUES OF THEIR RECOGNITION AND NORMALIZATION

One of the key theses of the programmatic article of the Leader of the Nation – N. Nazarbayev “Looking into the future: modernization of public consciousness” is “creating conditions for the full education of students in history, political science, sociology, philosophy, psychology, cultural studies, philology”, the purpose of which is to train able to conceptually analyze the achievements of world science and adapted to global competition in the field of knowledge. In this regard, a large-scale work has begun on the implementation of the project “New humanitarian knowledge. 100 new textbooks”. The “National Translation Bureau” has been created and in recent years, according to preliminary data, 54 titles have been translated from the world scientific classics in the humanities. New textbooks have been introduced into the learning process and are actively used by students. The rich material created by translation is important for the further development of a number of areas of Kazakh linguistics: firstly, translated texts, their style and language are a scientific and practical source for in-depth consideration of the methodology, methods, theoretical and practical problems of Kazakh linguistic translatology, in - secondly, thanks to the translation of the best examples of world science, the modern Kazakh language is enriched with lexical innovations. Textbooks intended for the secondary education system play an important role in replenishing the vocabulary of the Kazakh language with new words. The article analyzes lexical innovations in translated texts, created within the framework of the project “New humanitarian knowledge. 100 new textbooks” and materials of the didactic base of the secondary educational system. Theoretical and practical recommendations for their recognition and normalization are put forward. The selection of empirical materials was made from translated texts of textbooks for universities and secondary schools on sociology, jurisprudence, history, management, economics, psychology, and biology.

This research has been funded by the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan (Grant No. AP08855684).

**Key words:** translation, lexical innovation, normalization, recognition, semantics, linguistic consciousness, opposition to innovation, linguistic adaptation

*Алдаш А.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Институт языкознания имени А.Байтұрсынова*

*Алматы, Казахстан*

*доктор филологических наук, профессор, aiman\_k51@mail.ru*

## ЛЕКСИЧЕСКИЕ ИННОВАЦИИ, СОЗДАННЫЕ ПУТЕМ ПЕРЕВОДА: НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ИХ УЗНАВАНИЯ И НОРМАЛИЗАЦИИ

Одним из ключевых тезисов программной статьи Лидера нации – Н.Назарбаева “Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания” является “создание условий для полноценного образования студентов по истории, политологии, социологии, философии, психологии, культурологии, филологии”, цель которого – подготовка кадров, умеющих концептуально проанализировать достижения всемирной науки и адаптированных к глобальной конкуренции в сфере знания. В связи с этим начата масштабная работа по реализации проекта “Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников”. Создано “Национальное бюро перевода” и за последние годы, по предварительным данным,

переведены 54 наименований из мировой научной классики по гуманитарным направлениям. Новые учебники внедрены в процесс обучения и активно используются студентами. Богатый материал, созданный путем перевода, имеет важное значение для дальнейшего развития ряда областей казахского языкознания: во-первых, переводные тексты, их стиль и язык являются научно-практическим источником для углубленного рассмотрения методологии, методов, теоретических и практических проблем казахской лингвистической транслатологии, во-вторых, благодаря переводу лучших образцов мировой науки обогащается современный казахский язык лексическими инновациями. В пополнении словарного состава казахского языка новыми словами играют важную роль и учебники, предназначенные для системы среднего образования. В статье анализируются лексические инновации в переводных текстах, созданные в рамках проекта «Новое гуманитарное знание. 100 новых учебников» и материалы дидактической базы средней образовательной системы. Выдвигаются теоретические и практические рекомендации по их узнаванию и нормализацию. Подбор эмпирических материалов произведен из переводных текстов учебников для вуза и средних школ по социологии, правоведении, истории, менеджменту, экономике, психологии, биологии.

Данная статья финансируется Комитетом науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (Грант №АР08855684).

**Ключевые слова:** перевод, лексические инновации, нормализация, распознавание, семантика, языковое сознание, противостояние к новшеству, лингвистическо адаптирование

**Кіріспе.** Елбасы Н.Назарбаевтың “Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру” бағдарламасында әлемдік гуманитарлық классикалық ғылыми әдебиеттің аударма нұсқаларын жасап, осы арқылы білім алушылардың – болашақ мамандарды бәсекеге қабілетті даярлау ісінің маңыздылығы атап көрсетілді [1].

Аударма ісі, аудару үдерісі және аудару үдерісінің нәтижесі (ауызша және жазбаша мәтін) туралы ұзақ жылдар бойында жүргізілген зерттеулер мол, оларда дәстүрлі ұстанымдар негізге алынғаны белгілі. Дәстүрлі ұстанымдар ұғымы «жақсы / нашар аударма» деп бағалау, екі тілдегі сәйкестіктер қандай деңгейде, аударудың түрлерінің (сөзбе-сөз, балама, еркін аударма) қайсысы қолданылған, трансформацияның, элиминацияның болу себептері неде деген мәселелерді қамтиды. Және бұл аталғандар көбіне-көп көркем шығармалар тәржімасының ерекшеліктеріне байланысты қолданылады. Атап өтер жайт – әлемдік лингвистикада, қазақ тілтанымында да аударманың теориялық және практикалық проблемалары әдеби туындыларды талдауға негізделеді. Функционалдық стилдердің аударылу ерекшеліктеріне арналған еңбектер аз. Тіл қолданысының осы тармақтарының зерттелуі қазіргі қазақ тілтанымының қолданбалы мәселелерін зерделеуде маңызды. Біріншіден, қазіргі қазақ мәдениетінде ғылыми және ресми-іскери, оқу-ағарту әдебиетін тәржімалау ісі кең көлемде дамыды. Екіншіден, көркем шығарма мен осы стилдік тармақтардың аударылуында ерекшеліктер бар. Ерекшеліктердің бастысы – ғылыми және ресми-іскери, оқу-ағарту әдебиетін тәржімалау аудару тәсілінің қатаң таңдалуында, яғни бұларда еркін аударма тәсілі қолданылмайды. Дегенмен мәтіннің мазмұны мен түпнұсқа авторының баяндау ерекшеліктеріне қарай сөзбе-сөз тәржімалаумен қатар балама аудару ісінің игерілуіне де мүмкіндіктер болады. Функционалдық стилдер мәтіндерінің аудармасында түсіріп тастау (элиминация), орнын ауыстыру сияқты көркем шығарма тәржімасында қолданылатын тәсілдер болмайды. Функционалдық дискурс мәтіндерін аударуға қойылатын талаптың бастысы – түпнұсқадағы ақпаратты толыққанды жеткізу, сондықтан бұнда сөзбе-сөз аудару, қалай болғанда да түпнұсқадан ауытқымау амалдарын іздестіруге айрықша мән беріледі, аудармашының ұстанатын негізгі позициясы осы болады. Бірақ бұл талап та жеткіліксіз. Ғылыми, оқу-ағарту мәтіндерін екінші тілге аударуда

лингвомәдени бейімделу аса маңызды. Лингвомәдени бейімделу дегеніміз – ақпаратты, білімді берумен қатар екінші тілде (аударылған тілде) оқитын адамның төл тілінің заңдылықтарының сақталуы, төл тілдің барлық мүмкіндіктері мен заңдылықтарын дұрыс қолдану арқылы оқырманның эстетикалық тұшымын қалыптастыру. Бұл жөнінде В.А.Маслова “біздің санамызда “табиғи суретті” қалыптастыратын нақты (реалды) тілдік бірліктерді қолдану керек” деп дәл айтқан”[2, 20].

Демек, көркем аударма үшін айтылатын түпнұсқа сияқты сезіну (перцепция), әсерлілікті (эффект) сақтау функционалды дискурс мәтіндерінің тәржімасы үшін де маңызды. Сондықтан қазіргі аударма мәтіндерді лингвомәдени, лингвокогнитивтік, лингвокоммуникациялық призма арқылы талдау бағыты өріс ала бастады.

Бұл – лингвистикалық аударматанудың өз алдына жеке, күрделі мәселелерінің бірі.

**Әдістеме.** Зерттеуде жаппай іріктеу, мәселеге қатысты әртүрлі саладағы зерттеулердегі тұжырымдарды қорытуға, ғылыми болжамдарды жинақтауға, эмпирикалық материалдарды түсіндіруге бағытталған әдістер және семантикалық талдау әдісі қолданылды.

**Нәтижелер.** Тақырыпқа қатысты кейбір мәселелерді нақтылау мақсатында төмендегі мәселелер жүйеленеді:

- 1) Аударма ісі және аудару үдерісінің нәтижелері
- 2) Сөздік құрамды байытудағы рөлі.
- 3) “Жаңа гуманитарлық білім. 100 оқулық” жобасы бойынша жасалған аударма әдебиеттегі лексикалық жаңалықтардың түрлері
- 4) Танылу ұғымы. Нормаландыру.

*Аударма ісі және аудару үдерісінің нәтижелері. Сөздік құрамды байытудағы рөлі.*

Өткен ғасырдың соңын ала және жаңа ғасыр басында қазақ тілінің сөздік құрамындағы өзгерістер сөзтудырушы тұлғалардың белсенділігіне, сөз мағыналарының өзгеруіне қатысты. Осының нәтижесінде пайда болған жаңа сөздерді / тілдегі жаңалықтарды / лексикалық жаңалықтарды топтастыру, пайда болуына ықпал жасайтын көздерді анықтау, белгілі бір моделдер бойынша жүйелеу қажет. Осындай еңбектердің нәтижесінде тілдің ішкі қоры мен заңдылықтарының мүмкіндіктері, тіл динамикасындағы сипаттарды бақылау, әдеби норма мәселелері бойынша көптеген проблемалардың шешімі табыла түседі.

Қазақ әдеби тілі динамикасының қазіргі жағдайында аударма әдебиеттің тілдің толығы процесіне үлесі қандай деген проблемажете талдауды қажет етеді. Өйткені қазіргі аударма ісі қазақ тілінің сөздік құрамындағы негізгі өзгерістерді танытатын арналардың бірі болып отыр. Ресми-іскери стиль, заңнамалық құжаттардың негізгі мәтіні өзге тілде жасалып, қазақ тіліне тәржімаланып келеді. Оқу-ағарту, ғылыми әдебиеттің аударылған нұсқаларының көлемі мол. Тәржіма жасау ісінде қалай болғанда да шығармашылық сипат болады, шығармашылық үдерістің бір көрінісі – түпнұсқадағы денотат мағыналы тілдік бірліктерге, терминдер мен терминдік сөз тіркестеріне екінші тілден балама табу. Бұлайша болуы екі мақсатқа сәйкес келеді: бірі – тіл саясатының талаптарын назарда ұстау, яғни өзгетілдік аталымдардың мүмкіндігінше тіл қорынан сәйкестіктерін іздеу және ұсыну (терминдерді қазақыландыру бағыты), екіншісі – аударма мәтіннің адресатқа (қазақтілді қауымға) түсінікті болуын көздеу.

Түпнұсқа тілдегі номинативті атаулардың қазақ тілінің ішкі әлеуеті арқылы баламаларын табу, ұсыну арқылы лексикалық жаңалықтар (әрі қарай – ЛЖ) пайда болады. алайда ұсынылған ЛЖ екінші тілде (аударылған тілде) оқитындарға “бейтаныс” болатын реттері бар, сондықтан аударма ісінде транслитерация, жартылай калька үлгілері де қолданылады. Осы соңғыларының болуы әсіресе ғылыми әдебиет аудармаларында жиі ұшырасады.

Мақсат-мүдделердің жалпы көрінісі, ЛЖжәне транслитерация, калькалау жолымен жасалған тілдік бірліктер жөнінде “Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық” жобасы бойынша жасалған еңбектер мен орта білім беру жүйесіне арналған дидактикалық базабіршама фактілер бере алады. Логика, философия, менеджмент, биология, экономика және құқық ғылымдары салалары бойынша жасалған ғылыми және оқу-ағартуаударма әдебиетінен жаппай іріктеу нәтижесіарқылы аударма мәтіндерде қолданылған ЛЖ (лексикалық жаңалықтар), ғылыми мазмұндытерминдердің аударма мәтіндердегі көрінісі, ЛЖ үлгілерінің қазақ тілінде нормалана бастаған нұсқалары, бекітілген терминдер тізбесіндегі лексикалық жаңалықтардыңаударма үдерісі мен нәтижесінде игерілу деңгейі,авторлардың өз шығармашылығы арқылы ұсынылған үлгілер (эксперимент түрінде) жинақталды.

*“Жаңа гуманитарлық білім. 100 оқулық” жобасы бойынша жасалған аударма әдебиеттегі лексикалық жаңалықтардың түрлері*

Біріншіден, “Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық” жобасы бойынша жасалған аударма әдебиетте[3; 4; 5; 6; 7; 8]ЛЖ айтарлықтай көп емес. Бұған себептің бірі – түпнұсқаны тілі мен стилінде, баяндау тәсілінде; екіншіден, логика, философия, менеджмент, биология, экономика салаларының халықаралық стандарттардағы терминдері түпнұсқаға сәйкесқазақ тілінде де нормаланған (*логицизм, аскетизм, эвдемонизм, фрустрация, пропозиция, референция, перцепция, позитивизм, верификация, процессор, элемент*), үшіншіден, олардың қазақша баламасын жасау үшін түсіндірме амалын қолдану керек болады (*мысалы,перцепция – активный процесс извлечения информации об окружающем мире; фрустрация – особое эмоциональное состояние*); түсіндірме жолы сөз тіркесімділігі арқылы жүзеге асады, ал бұл терминге қойылатын талаптарға сәйкес емес.

“Қазақ тіліндегі жүз оқулық” жобасы бойынша жасалған аударма әдебиеттен жинақталған фактілердің жалпы сипаттамасы төмендегіше:

- нормаланған, нормалана бастаған және терминологиялық сөздіктер тізбесіне енгізілген сөздер игерілген:*бағдаршам, жеке тұлға, заңды тұлға, жағажай, пайыз, теңгерім, алқаби, бейімделу, әлеуметтану, жаңғыру және т.б.;*

- нормаланған, нормалана бастаған және терминологиялық сөздіктер тізбесіне енгізілген ЛЖ-ның өзге тілдегі баламалары қолданылған: *комплекс, интеллектуалды, континент, рецензент, интуиция, концепция, гипотеза, потенциал, лаборатория, мотивация, консенсус*(көрсетілгендердің нормаланған баламалары – *кешен, зияткерлік, құрылық, сарапшы, сезіну, тұжырымдама, болжам, әлеует, зертхана, уәждеме, мәміле*)

- жарыспа қолданыстар бар: *принцип /ұстаным, комплекс / кешен;*

- тарөрісті терминдер транслитерацияланған: *пропозиция, референция, перцепция, позитивизм, верификация, процессор, элемент, континент, комплекс, дедукция, имманентті, эксплицитті, абдукция, принцип, формула, импликация, делимитация, контекст, репрезанта, интерпретант, интроспекция, логицизм, аскетизм, эвдемонизм, фрустрация;*

- терминдік сөз тіркестерінің қатарында калькалау жолымен жасалған ЛЖ едәуір: *автокинетикалық феномен, әлеуметтік агрессия, әлеуметтік репрезентация, әлеуметтік салғырттық, диспозициялық атрибуция, жағдайлық атрибуция, салыстырмалы деривация, аутгрупптың ұқсас болу эффектісі, символдық интеракционизм;*

- индивидуалды ЛЖ қатары да кездеседі: *білдірім, жанашырлық (эмпатия), беймаза құштарлық, қауіпсіз құштарлық, әлеуметтік салғырттық, теңестіргіш, иландыру.*

Аударма әдебиетпен салыстырғанда мектеп оқулықтарында ЛЖ сандық көлемі жағынан мол. ЛЖ қатарының мол болуы себептерінің бірі – авторлар жазба нұсқалардың басқа түрлерінде қолданыла бастаған және нормалық сипат ала бастаған ЛЖ-мен таныс және оларды пайдалануды дұрыс деп тапқан (*нәруыз, дәмдеуіш, ғаламшар, гүлшанақ, орамжапырақ, қырыққабат, қандауыр*) екіншіден, ұсынылған және бекітілген терминдер

тізбесіндегі ЛЖ-ларды толық меңгерген деуге болады (*көзбұришақ, түрөзгеріс, жарғақша, жабын ұла, көзішелеп телу, нақнұсқа, дәмдеуіш, желбағар (флюгер), уыт (токсин), жасымықша*), үшіншіден, өз тараптарынан эксперимент түрінде, авторлық қолданыс ретіндегі ЛЖ ұсынған (*үлескі, топсеруен, қорыққор, кеппешөп, кептеөсімдік, тәлімбақ, зерзат, үлескі, сынауыр (пробирка), тамшуыр (пипетка)*).

Осы мол фактілер қазақ қолданбалы лингвистикасының аспектілері аясында зерттеулер жүргізуді күтеді. Зерттеулер арқылы:

- аударма әдебиет арқылы жасалған лексикалық жаңалықтар үшін тілдің ішкі әлеуетінің мүмкіндіктері қаншалықты игерілген;
- нормалану мүмкіндіктері қандай, яғни норма дәрежесіне көтеріле ала ма;
- норма дәрежесіне көтерілуі үшін аударма арқылы жасалған ЛЖ қандай сатылардан (репродуктивті, рецептивті, продуктивті) өткенде ғана норма дәрежесіне көтеріле алады;
- лексикалық жаңалықтар индивидуалды қолданыстан ұжымдық қолданысқа айналуының немесе бұлайша болмауының себептері неде деген мәселелер қарастырылуы тиіс. Проблемаларды осылайша таратып талқылағанда, ең бастысы – қазіргі қазақ тіліндегі ЛЖ-ның танылуы қолданысқа түсуі анықталады.

#### *Танылу ұғымы. Нормаландыру.*

Танылу / тану сөзінің қарапайым мағынасы – заттың, бұйымның қандайда бір белгісі арқылы оларды білу, өзге заттар мен бұйымдардан ажырату, ал ұғым мен түсінікке келгенде, санада орныққан моделдермен салыстыра отырып қабылдау дегенді білдіреді. Санадағы тану / танылу, білу / ажырату процестері қасиеттер мен сапаларды, белгілерді білдіретін сөз арқылы жүзеге асады. Зат пен бұйымның белгілері сөз арқылы неғұрлым айқын болса, оны ажыратуда қиындық бола қоймайды. Бұндайда тілдік моделдердің рөлі жоғары. Қазақ тілі – жалғамалы тіл, көптеген ЛЖ қосымшалардың көмегі арқылы жасалады, моделдер қалыптасады. Мәселен, алғашқы пайда болған *жағажай (пляж)* сөзінің құрамындағы «жай» сөзінің мағынасы (“мекен, орын”) айқын және ол белгілі бір моделдер жасауға сөз-форма ыңғайында белсенділік танытты, сөйтіп, *жылыжай, әуежай, мекенжай, өсімдікжай, тұрғынжай, жапсаржай* сөздері пайда болды, олар тез нормаланды. Танылуына келгенде, сөйлеу сегментіндегі дыбыстардың ұқсастығы да әсер етеді. Сондай-ақ гибрид моделдер де тез танылады, өйткені түбірдегі сөз кірме сөз болғанымен, оған жалғанатын қосымша сөзтудырушы мейлінше таныс модел: *автомат-тан-дыру, функционалды, эстафета-лық, вегетатив-ті*.

ЛЖ жасауға қатысатын төл тілдің өз әлеуетінің маңызды бөлігінің бірі – тіл қорындағы сөздердің мағыналық өзгерістері (мағыналардың кеңеюі).

Төл тілдегі сөздердің семантикалық көлемінің кеңеюі (семантикалық коннотаттарының, ауыспалы мағыналарының) үдерістері нәтижесінде семантикалық дериваттардың пайда болуы – күрделі құбылыстардың бірі. Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында айқын көрініп, белсенді игеріліп келе жатқан бұл құбылыс семасиология саласының аспектілері тұрғысынан жете зерттеуді қажет етеді.

Семантикалық дериваттардың танылуы олардың мағыналарының талдануына, эпидигматикалық қатынастардың нақтылануына тікелей байланысты. Бұлайша зерттеу қазіргі қоғам мүшелерінің ЛЖ-ны тануына, коммуникацияға қатыстыруына, одан әрі нормалануына мүмкіндік жасайды. Мәселен, *ақы* сөзімен келетін бірқатар ЛЖ бар, олар талдауды, түсіндіруді қажет етпей-ақ нормаланған, өйткені *ақы* сөзінің семантикасы айқын, сондықтан *өтемақы, үстемеақы, жәрдемақы, шәкіртақы, сыйақы* типтестерде теңбе-тең мағыналық қатынастар орныққан. Сондай-ақ *үлескер* және *үлескі* сөздеріне назар аударалық. Алдыңғысы – қоғамдық-саяси лексиканың бірі, екіншісі орта білім беру жүйесіне арналған оқулықта (биология) қолданылған: *Мектеп жанындағы үлескідегі жұмыстардың оқушылар үшін тәрбиелік маңызы зор (оқу бағдарламасынан)*. Белгілі бір моделдер қалыптастыруда белсенді сөзтудырушы қосымшаның (-қы/-кі;-ғы/-гі: сыртартқы, қондырғы, түсіргі) қызметі

айқын, алайда *үлескі* деген ЛЖ екі түсіндіруді қажет етеді: а) өзге тілдегі баламасын беру және ә) *үлес* сөзінің мағыналық ядросын және шеткергі аймақтағы мағыналарын сараптау.

Лексикографиялық еңбектердің мәліметі бойынша *үлес* – сыбаға, тиесілі деген мағынада [9, 129]. “Үлестен құр қалу” типтес фразалық тіркестерді қоспағанда, *үлес* сөзінің ядролық семантикасы арқылы *үлеспұл*, *үлес салмағы*, *үлестік әдіс*, *үлестік меншік*, *үлестік міндеттеме* сияқты экономика, шаруашылық терминдері түзілген. Бұлардың барлығында датиесілі, меншік мағыналары – негізгі, ядролық мағына. Сонымен қатар шеткергі мағына ретінде *бөлік*, *бөліп алынған*, *бөліп берілген* мағыналары да бар. Осы соңғы шеткергі семантика *үлескі* сөзінің жасалуына негіз болған. Алайда осы ЛЖ-ны қабылдаушы (тілдің төлиесі) санасында бір-біріне қарама-қарсы процестер жүріп жатады: а) *үлес* сөзінің *тиесілі*, *сыбаға* мағынасы таныс, қосымшаның (-кі) сөзтудырушы қызметі мен мағынасы таныс; бірақ: *үлес* сөзінің шеткергі мағынасы таныс емес немесе көмескі; ә) іздестіру, салыстыру процестері басталады, яғни мәнмәтіндегі қолданысынан түсінік іздейді, сөздіктердің көмегіне барады, маманның түсіндіруіне мұқтаж болады; б) бұл шаралар нәтиже бермеуі де мүмкін; өйткені *участок* термині үшін *телім* баламасы нормалана бастаған (жер телімі); жиі қолданысы, қоғамдық мәні арқылы актуалданғандықтан ол тілдің төлиесіне мейлінше / біршама таныс; сөйтіп, ақырында, *үлескі* сөзі әмбебап-заттық код-ұғым ретінде санаға жете алмайды.

Қоғамда орныққан қазіргі қостілділік жағдайында және үштілді білім беру жүргізіле бастаған кезеңде (ағылшын тілін әртүрлі деңгейде білетіндердің саны өскен) қазақ тілінің ішкі мүмкіндіктері арқылы жасалған ЛЖ-ларды тану процесі екі түрлі бірдейлестіру арқылы жүреді: олар – тілдік бірліктерді тұтастай тану және тілдік бірліктердің бөлшектерін (сыңарларын) тану. Семантикалық өзгерістер арқылы жасалған ЛЖ-ларды тұтастай тану күрделірек. Өйткені тілдің төлиесінің жадында, менталды лексиконында, лексикалық қорында қазақ тілінің байырғы, сирек қолданыстағы сөздері, жергілікті тіл ерекшеліктері болмауы мүмкін. Бұған себептердің бірі – ақпараттар ағынын жеткізетін тілдік бірліктердің стандарттала бастағандығында. Осы себепті мектеп оқулықтарында берілген *жасуның*, *бытыранық*, *қандауыр*, *тәмсақ* типтестер белгілі бір ұғымның атауы ретінде бірден қабылданбайды, оларды өзге тілдегі баламасы арқылы түсіндіруге тура келеді. Одан әрі тілдің төлиесінің коммуникацияға араласуында өз санасында орныққан және жүйеленген тілдік бірліктің (санада эталон тілдік бірлік бар, ол – өзге тілден енген сөздер) қолданысқа түсуі басым болады.

Тілдік бірліктердің бөлшектерін (сыңарларын) тану ЛЖ-лардың танылуына, одан әрі нормалануына жол ашады.

Қазақ тіліндегі ЛЖ-лардың біразы сөз біріктіру және қосымшалардың қызметі арқылы жасалған. Тіркесімділік қабілеті де ЛЖ жасауға қатысады. Мәселен, *тәлімбақ*, *топсеруен*, *қорыққор*, *іріктеме*, *теңестіргіш*, *білдірім*, *сынауыр*, *тамшуыр* / *тамызғы*, *үлкейткіш* *әйнек*, *қауіпсіз құштарлық*, *әлеуметтік салғырттық* тәрізді ЛЖ-ларды таратып көрелік.

Графикалық-дыбыстық ресімделуі, мағынасы жағынан *тәлім*, *бақ*, *топ*, *серуен*, *үлкейткіш*, *әйнек*, *сынау*, *тамшы*, *тамызу*, *қауіпсіз*, *әлеуметтік*, *құштарлық*, *салғырттық* сөздері тілді пайдаланушыға функционалдық жүктеме жасай алмайды. Себебі олардың мағынасы айқын, қазіргі коммуникацияда, ауызша коммуникацияда да, әртүрлі ғылым салаларында жаңа атаулардың жасалуына тірек ретінде біршама өнімділігі бар тілдік бірліктер: *тәлім* – *тәлімгер*; *бақ* – *саябақ*, *топ* – *топтық жұмыс*, *топтама*, *топтастыру*; *қауіпсіз* – *қауіпсіздік*, *қауіпсіз аймақ*; *әлеуметтік* – *әлеуметтану*, *әлеуметтену* (*социализация*); *сынау* – *сынама*, *сынақ*. Тағы бір тобы дерексіз ұғымды білдіретін, бекітілген терминдер тізбесінде берілген: *құштарлық*, *салғырттық*, *үлкейткіш*. Зерттеушілер бұл жайтты былайша түсіндіреді: “...значение слова в целом складывается из совокупности его значений во всех более или менее стандартных, социально осознаваемых ситуациях с учётом

степени актуальности и, следовательно, «глубины залегания» в сознании носителей языка» [10].

Аударма арқылы жасалған еңбектердегі *қорыққор*, *іріктеме*, *білдірім*, *теңдестіргіш* сөздері де ЛЖ қатарына жатады. Алайда олардың стандарттылығы, әлеуметтік танылуы, қолданыстағы актуалдылығы, санада тереңдеп орнығуы жағынан «жағдайы» әркелкі. Қорық сөзі «заповедник» ұғымының баламасы ретінде айқын мағынада қазақ жазба коммуникациясында термин ретінде орныққан. Ал *қорыққор* сөзінің екінші сыңары – *қор* тілдік бірлігі қысқаша түрде тоқталуды қажет етеді. Академиялық зерттеуде берілген түсініктемені толығымен келтіреміз: “Қазақ тілінде – қор форманты жұрнақтық санатты болғанмен, өзінің жалпы тектік сипаты жағынан өз алдына дербес сөз болып табылады. Бұл форма және қорек лексемасы “быть приверженным, привязанным” және “пища” мағынасын білдіретін хордэн, хорак сөздерімен тектес” [11, 305]. Дегенмен *еңбекқор*, *шаруақор*, *айлақор* деген сөздердегі екінші сыңардың *қорек*, *қоректену* лексемасына байланысының дәлелденуі екіұштылау және жеткіліксіз деп танымыз. Өз тарапымыздан біз *қорек* және «фонд» мағынасындағы *қор* сөзі түптөркіні бір, ал *еңбекқор*, *қорыққор* лексемаларындағы *-қоржәне -кер* (еңбеккер) вариант, функционалды қосымшалар деп болжам-пікір ұсынамыз. Ал *қорыққор* сөзінде *қор биржасы*, *ұлттық қор*, *өндіріс қоры*, *айналмалы қор*, *қор жинау*, *қайырымдылық қоры* тіркестеріндегі “байлық, запас, ресурс” мағынасы алынған. Демек, танылуына кедергі болып тұрған факторлардың бірі – тілдегі омонимия құбылысы, екіншісі – эстетикалық принцип [12].

*Білдіру* сөзі графикалық-дыбыстық және мағыналық тұрғыдан тілді пайдаланушының идиолектісінде де, социолектісінде де бар. Сөзтудырушы қосымша -ім де – ЛЖ жасауға қатысатынаса өнімді қосымшалардың бірі. Алайда аудармашы тарапынан жасалған (авторлық қолданыс, эксперимент қолданыс) *білдірім* сөзін тану қиын. Бұндай реттерде мәнмәтіндегі қолданысына қарауға тура келеді. Аударма әдебиетте былайша берілген: Басқа философтар мағына туралы сөз қозғаса, Фреге білдірімнің референциясы мен білдірімнің мағынасы арасындағы айырмашылықты алға тартады [4, 164]. Бірақ мәнмәтін де ЛЖ мағынасын дәл таныта алмайды.

**Қорытынды.** Қазақ мәдениетінде аударма әдебиеттің маңызы зор. Тәржіма арқылы жасалатын жазба нұсқалардың қазақ тілді қауымның ғылыми-танымдық, эстетикалық ой-өрісін кеңейтетіні, білім кеңістігін толықтыратыны, әсіресе қазіргі заманда барлық салалардағы мамандардың жаһандану үдерістеріндегі бәсекеге төтеп бере алатын қабілетін қалыптастыратыны қайталап айтуды қажет етпейді. Сонымен қатар қазақ тілінің лексикалық құрамындағы өзгерістерге назар салсақ, өзгерістердің басым дені жаңа сөздердің / лексикалық жаңалықтардың пайда болуына байланысты екендігін көреміз. Тіл дамуында қазақ тілінің өміршеңдігі үшін де, жаһандануға қарсы тұратын ұлттану үдерістерін дамыту үшін де тіл байлығын қазақыландыру ісі қарқынды сипат алып отыр. Ал бұл іс негізінен аударма арқылы жасалады, аударма жаңа сөздерді ұсынады. Алайда жаңа сөздердің / лексикалық жаңалықтардың нормалануы – біршама баяу процесс. Әрине, қолданыс жиілігінің артуына байланысты нормаланатын немесе кодификатор нұсқалар арқылы нормаланатын (прескриптивті норма) лексикалық жаңалықтар болады. Дей тұрсақ та нормалануы баяу жүретін лексикалық жаңалықтар да едәуір. Баяулықтың себебі жаңа сөздердің танылуына байланысты. Танылуына кедергілер: а) қазіргі кезеңде қоғам мүшелерінің лексиконына әсер ететін арналар – масс-медиа және әлеуметтік желілердің тілі мен стилі, оларда ақпаратты жеткізудің стандарт формалары (локалды тілдік бірліктер) қалыптасқан; ә) жазба нұсқалардың (әсіресе көркем әдебиет пен ғылыми әдебиеттің, ресми-іскери дискурстың) рөлі бәсең; б) қазіргі қоғам мүшелерінің санасында өзге тілден енген номинациялар әбден орныққан, осы орнықтылық жаңадан пайда болған қазақыландырылған атауды тануға, қабылдауға қарсылық тудырады (жалпы адам санасында кез келген жаңалыққа алдымен қарсылық пайда болады). Жаңалықты қабылдау



психолінгвистикалық зерттеулерге қарағанда, күрделі құбылыс. Ғалымдар қабылдау кезінде санадан өткізу, пайымдау процесінің жеткілікті қарастырылмағандығын да айтады. Өзірше анықталғаны –Е. Зимняяның көрсетуінше, “любой акт восприятия включает осмысление. Стремление осмы- слить, понять то, что человеческому сознанию даётся извне, следует рассматривать как универсальную черту всей познавательной деятельности человека” [13].

Қазақ тілінде лексикалық құрамды жаңа сөздер арқылы жаңарту, толықтыру процесі қарқынды жүріп келеді. Маңызды істердің бірі – оларды таныту және нормаландыру. Бұл істе білім беру жүйесінің лингводидактикалық базасына қажетті жаңа сөздердің лұғатын түзу, жаңа сөздерді оқытуға арналған әдістемелік құралдар жасау тиімді. Бұлар мәселенің практикалық жағын реттейді. Сонымен қатар жаңа сөздерді танытатын, нормаландыратын бағыттағы жұмыстардың маңызды ретінде семантикалық, сөзжасамдық талдауға негізделген ғылыми зерттеулер жүргізу өзекті болып отыр.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру // [https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy) [Пайдаланған уақыты: 5.04.2021]
2. Маслова В.А. Введение в лингвокультурологию. Москва: Наследие, 1997. – 208 с. - книга
3. Бринкерхоф Д., Уейтс Р., Ортега С. Әлеуметтану негіздері. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл – 464 б.
4. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы // Қазіргі заман философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 420 б.
5. Шо М. Н. Халықаралық құқық. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 584 б.
6. Майерс Д., Туенж Ж. Әлеуметтік психология. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 648 б.
7. Гриффин Р. Менеджмент. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 768 б.
8. Мэнкью Г.Н., Тейлор М.П. Экономика. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 848 б.
9. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы, 2006. – Т.15. - 828 б.
10. Сахарный Л.В. Психолінгвистические аспекты теории словообразования. – Ленинград: ЛГУ, 1985. – 97 с.
11. Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. — 784 б.
12. Алдашева А. Лексические новообразования в современном казахском литературном языке (на материале периодической печати): автореф. канд. дисс. – Алматы, 1992. – 25 с.
13. Крысько В.Г. Общая характеристика сенсорно-перцептивных процессов. [https://www.gumer.info/bibliotek\\_Buks/Pedagog/krysko2/08.php](https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pedagog/krysko2/08.php) [Пайдаланған уақыты: 5.04.2021]

#### References

1. Nazarbaev N. Bolashakka bagdar: rukhani zhangyru // [https://www.akorda.kz/kz/events/akorda\\_news/press\\_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy](https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy) [Paidalanған uakyty: 5.04.2021]
2. Maslova V.A. Vvedenie v lingvokulturologiiu. Moskva: Nasledie, 1997. – 208 с. -kniga

3. Brinkerhof D., Ueits R., Ortega S. *Aleumettanu negizderi*. – Almaty: Ul'ttyk audarma biurosy, 2018 zhyl – 464 b.
4. Kenni E. *Batys filosofiiasynyn zhana tarikhy // Kazirgi zaman filosofiiasy*. – Almaty: «Ul'ttyk audarma biurosy» kogamdyk kory, 2019. – 420 b.
5. Sho M. N. *Khalykaralyk kutyk*. – Almaty: «Ul'ttyk audarma biurosy» kogamdyk kory, 2019. – 584 b.
6. Maier D., Tuenzh Zh. *Aleumettik psikhologiya*. – Almaty: Ul'ttyk audarma biurosy, 2018. – 648 b.
7. Griffin R. *Menedzhment*. – Almaty: «Ul'ttyk audarma biurosy» kogamdyk kory, 2018. – 768 b.
8. Menkiu G.N., Teilor M.P. *Ekonomika*. – Almaty: Ul'ttyk audarma biurosy, 2018. – 848 b.
9. *Kazak adebi tilinin sozdigi. On bes tomdyk* – Almaty, 2006. – T.15. - 828 b.
10. Sakhar'nyi L.V. *Psikholingvisticheskie aspekty teorii slovoobrazovaniia*. – Leningrad: LGU, 1985. – 97 s.
11. *Kazak grammatikasy. Fonetika, sozhasam, morfologiya, sintaksis*. – Astana, 2002. – 784 b.
12. Aldasheva A. *Leksicheskie novoobrazovaniia v sovremennom kazakhskom literaturnom iazyke (na mtaeriale periodicheskoi pechati): avtoref. kand. diss.* – Almaty, 1992. – 25 s.
13. Krysko V.G. *Obshchaia kharakteristika sensorno-pertseptivnykh protsessov*. [https://www.gumer.info/bibliotek\\_Buks/Pedagog/krysko2/08.php](https://www.gumer.info/bibliotek_Buks/Pedagog/krysko2/08.php) [Paidalan'zan uakyty: 5.04.2021]

MPHTI 116.21.51

<https://doi.org/10.51889/2021-2.1728-7804.03>

\*Aldasheva K.S.,<sup>1</sup>Nurym A.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup> Al-Farabi Kazakh National University  
Almaty, Kazakhstan

<sup>1</sup>PhD, Kama\_kz89@mail.ru

<sup>2</sup>master student of the 2nd course, arnaynurym@gmail.com

## SEMANTIC PECULIARITIES OF PHRASAL VERBS IN ENGLISH

### *Abstract*

English phrasal verbs are one of the key and difficult parts in English learning. Since the traditional linguistics holds that English phrasal verb is an integral thing that cannot be analyzed, learners can only perform rote tasks of memorization which is time-consuming and inefficient. However, cognitive linguistics holds that the semantics of phrasal verbs and their constituents, verbs and particles, are both prescriptive and analytical. These dual attributes of phrasal verbs require researchers using the relevant theories of cognitive linguistics to analyze the semantics of phrasal verbs, so that learners can master phrasal verbs systematically and efficiently. The research deals with classifications of phrasal verbs into lexico-semantic groups and their further division into subgroups. It is concluded that the adverbial element should be brought more into the limelight as shaping the semantic pattern of the phrasal construction and its functioning in speech.

**Keywords:** English, phrasal verbs, semantic, idiomatic, semantic analysis

*\*Алдашева К.С.,<sup>1</sup>Нұрым А.<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Әл -Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы, Қазақстан*

*<sup>1</sup>PhD докторы, Kata\_kz89@mail.ru*

*<sup>2</sup> 2 курс магистранты, arnauirym@gmail.com*

## **АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ФРАЗАЛЫҚ ЕТІСТІКТЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕШЕЛІКТЕРІ**

### *Аңдатпа*

Ағылшын фразалық етістіктері ағылшын тілін үйренудің негізгі және қиын бөліктерінің бірі болып табылады. Дәстүрлі лингвистика ағылшын фразалық етістігін талдауға болмайтын маңызды нәрсе деп санайтындықтан, студенттер тек уақытты қажет ететін және тиімсіз болатын зубрежкамен айналыса алады. Алайда, когнитивті лингвистика фразалық етістіктердің және олардың құрамдас бөліктерінің, етістіктер мен бөлшектердің семантикасы рецептивті де, аналитикалық да деп санайды. Фразалық етістіктердің бұл қос атрибуттары студенттерге фразалық етістіктерді жүйелі және тиімді игере алатындай етіп, когнитивті лингвистиканың тиісті теорияларын, фразалық етістіктердің семантикасын талдауды қолданатын зерттеушілерден талап етеді.

Мақалада фразалық етістіктердің лексикалық-семантикалық топтарға жіктелуі және оларды одан әрі кіші топтарға бөлу қарастырылады. Адвербиалды элементті фразалық құрылымның семантикалық үлгісін және оның сөйлеудегі қызметін қалыптастырушы ретінде тану туралы қорытынды жасалады.

**Түйін сөздер:** ағылшын тілі, фразалық етістіктер, семантика, идиома, семантикалық талдау

*\*Алдашева К.С.,<sup>1</sup>Нұрым А.<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> Казахский национальный университет имени Аль-Фараби  
Алматы, Казахстан*

*<sup>1</sup>доктор PhD, Kata\_kz89@mail.ru*

*<sup>2</sup> магистрант 2 курса, arnauirym@gmail.com*

## **СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ФРАЗОВЫХ ГЛАГОЛОВ В АНГЛИЙСКОМ ЯЗЫКЕ**

### *Аннотация*

Английские фразовые глаголы являются одной из ключевых и трудных частей в изучении английского языка. Поскольку традиционная лингвистика считает, что английский фразовый глагол—это неотъемлемая вещь, которую нельзя анализировать, учащиеся могут выполнять только зубрежку, что отнимает много времени и неэффективно. Однако когнитивная лингвистика считает, что семантика фразовых глаголов и их составных частей, глаголов и частиц, является как предписывающей, так и аналитической. Эти двойные атрибуты фразовых глаголов требуют от исследователей, использующих соответствующие теории когнитивной лингвистики, анализа семантики фразовых глаголов, чтобы учащиеся могли систематически и эффективно овладевать фразовыми глаголами. В статье

рассматриваются классификации фразовых глаголов на лексико-семантические группы и их дальнейшее деление на подгруппы. Делается вывод о том, что адвербиальный элемент должен быть в большей степени привлечен в центр внимания как формирующий семантический паттерн фразовой конструкции и ее функционирование в речи.

**Ключевые слова:** английский язык, фразовые глаголы, семантика, идиоматический, семантический анализ

**Introduction.** Studying English, it is impossible to do without a certain number of phrasal verbs which are frequently used mostly in conversational speech. However, most students consider it quite difficult and avoid using them, which impoverishes their speech significantly. Nevertheless, phrasal verbs make an essential part of informal conversational English that is necessary to learn theoretically and practically in some degree. Studying phrasal verbs is important for grammatically correct speaking. The term “phrasal verbs” first used in print by Logan Pearsall Smith, in *Words and Idioms* (1925), in which he states that the Editor Henry Bradley suggested the term to him. Phrasal verbs were found in Middle English, common in Shakespeare, and often used to define verbs of Latin origin. The famous lexicographer of the eighteenth century, Samuel Johnson, was one of the first to consider these formations carefully

Dwight Bolinger, in *The Phrasal Verb in English*, answers the question of why there are so many of these formations in English. He states, "They are words. The everyday inventor is not required to reach for elements such as roots and affixes that have no reality for him. It takes only a rough familiarity with other uses of “head” and “off” to make them available for “head off”, virtually self-suggesting when the occasion for them comes up, which is not true of learned formations like intercept"[1, 13]

The phrasal verb can be replaced by a “simple” verb. It characterizes a phrasal verb as semantic unity:

*call up – telephone*  
*come by – obtain*  
*put off – postpone*  
*put up with – tolerate.*

But this criterion is not common for all phrasal verbs since the equivalent of many phrasal verbs is a word-combination:

*break down – stop functioning*  
*make up – apply cosmetics*  
*take off – of a plane – leave the ground.*

The next peculiarity is idiomatic. An idiom is a combination of two or more words, whose meaning does not coincide with the meaning of its components. Many phrasal verbs have meanings which are impossible to deduce from the values of its components.

For example:

*bring up – educate*  
*give up – stop doing, using, etc.*  
*go off – explode, ring*  
*come by – obtain.*

It is difficult to define the meaning of an idiomatic verb.

So, for example the verbs “fall down” and “pull off”, on the one hand, don't possess any idiomatic meaning. For example:

*fall down – to fall*  
*pull off – to remove, pull down*

But these verbs have also the following dictionary values.

*fall down*– 1) to admire (to someone in power), 2) to fail, unsuccessfully to terminate  
*pull off*– 1) to achieve, despite difficulties, 2) to win (a prize, competition)

So, the given property is not the core for phrasal verbs.

Sometimes the value of a verb can be deduced from its components. Some phrasal verbs have two and more meanings, one of which is idiomatic, while the others can be easily deduced from their components.

The next property of a phrasal verb is the possibility to have adverbial postposition before and after a noun used with the given verb. For object the final position bears important semantic loading, therefore if addition does not bear the new or important information, usually it settles down interposition. For example:

*Call him up or call up him (not his sister)*

If the object is expressed by several words, it, most likely, will be taking a final position. For example:

*He put on the coat he had bought in London.*

If the object is expressed by a pronoun, it always is interposition.

For example: *He took his coat and put it on.*

Classifying phrasal verbs in terms of their semantics, which takes into account the initial meaning of the components and the derived meaning that occurs after the combination of the verb and the particle [2, p.302]. It is common to divide phrasal verbs into 2 major semantic categories: compositional and non-compositional or idiomatic.

Non-compositional phrasal verbs are a perfect type of vocabulary items to be included in dictionaries and lexicons. These structures are semantically complete which contributes to their syntactic isolation as phrases. A case in point is 'phrasal-prepositional' verbs, which consist of a verb, a phrasal adverb, and a phrasal preposition, e.g., "put up with" ("You see what I have to put up with!"), "get away with" ("I don't know how they managed to get away with paying such low wages"), 'walk out on' ("Her husband walked out on her") [3, 15].

The feature of compositionality is concerned with the connection between discrete words and meanings within a phrase. Some phrasal items allow for compositional reading, while others (idioms proper) do not. Compositionally built-up language presupposes "alternating grammatical and lexical elements to express meanings and their relationships to one another" [4, 293]. The meaning of compositional phrasal verbs has semantic and syntactic aspects. We speak of syntactic, not phraseological meaning in this case, which is defined as the functional meaning of a given item determined by the parameters of the situation.

Schneider (2004) says that phrasal verbs for example *find out* or *call off*, are verb-particle combinations, which are frequently semantically not transparent at all and strongly idiomatic, so the combination of two words to a new, complex lexical unit is practically complete. Bowen & et al. (1985) state that the phrasal verb is often made up of a content word and one or more particles. Phrasal verbs are especially rich in oral communication. Although native speakers of English have no difficulty with them, the learners of English as a second language find them complicated, difficult and hard to learn or memorize. Wallace (1982) explains a phrasal verb as a verb and a preposition or an adverb creating a meaning different from the original verb. Phrasal verbs are structural units like prepositional phrases. The main difference between them is that prepositional verbs cannot be separated.

**Methods.** Descriptive method helps to present relevant theoretical background. Analytic method provides with the opportunities to analyze the specific examples and the Internet sources, collecting information, sorting out and describing are helpful in our investigation of the problem.

**Research results.** To help students understand better how phrasal verbs function in the modern English language, we give students a short lecture on the semantic analysis of phrasal verbs. The procedure is presented in detail in. The purpose of the lecture is to motivate students to use phrasal verbs more frequently and in the proper context. At the end of the lecture, we present

the results of the semantic analysis of phrasal verbs randomly selected from some modern novels. All the phrasal verbs have been classified into 5 groups.

*Group 1* contains phrasal verbs that do not have equivalent one-word verbs, for example, *check into*, *get up* etc. It is practically impossible to substitute any of them by one word only.

*Group 2* contains phrasal verbs that have synonyms among one-word verbs, but they cannot be considered closely equivalent. For example, *root out* is synonymous with *destroy*, but they are not equivalent because *root out* means *destroy something unwanted*.

*Group 3* includes phrasal verbs which have one-word equivalents, for example, *find out* (the equivalent is *discover*).

*Group 4* contains phrasal verbs which have equivalent phrasal verbs or idiomatic expressions, for example, *put down* in the meaning *record in writing* (the equivalents are *jot down*, *note down*, *take down*, *write down*)

*Group 5* contains new phrasal verbs or phrasal verbs with a new meaning or combination of two meanings.

The distribution of phrasal verbs among these groups is shown in the diagram (Figure 1), phrasal verbs being selected from the novel 'The Hours' by Michael Cunningham:




Figure 1: Phrasal verbs distribution in the novel 'The Hours'

Group 1 being the largest one refutes the popular belief that it is possible to do without phrasal verbs by replacing them with their single-word alternatives. I suppose that this fact can be a good incentive for students to make more efforts to learn phrasal verbs. The fact that the second largest group is Group 2 also can be a motivational factor for students to get more interested in phrasal verbs. Although phrasal verbs from Group 2 have synonyms among one-word verbs, native speakers of English quite often opt for a phrasal verb to be more precise. It has been stated by a number of linguists that teaching pragmatics is of great importance in the second language acquisition. It is necessary for non-native speakers to understand whether the phrasal verb is appropriate for the context or not, and in-depth analysis of the phrasal verb helps them make the right choice. The existence of Group 5 should also inspire students to study phrasal verbs in a more comprehensive way because it shows that "phrasal verbs are an important, if sometimes obscure, trace of the interaction between the material world and language change".

**Discussion.** English phrasal verbs are rather complicated linguistic structures consisting of verbs and prepositions or adverbs. They represent some inseparable semantic units and cause

certain difficulties in understanding and acquisition. Firstly, all constituents have a single meaning. Secondly, they have different meaning in different contexts (take off - depart, take off - remove). Thirdly, the number of meanings of the same verbs is unavoidably increasing.

According to generally accepted classifications, these tricky combinations are divided into:

- 1) Transitive (put off) and intransitive (break down).
- 2) Separable (turn off) and inseparable (run into).
- 3) Phrasal (give up), prepositional (go on) and phrasal-prepositional (put up with).

If the verb is separable, then the complement can stand either after it or between its parts. For example:

*His mother brought up his son with great difficulties.*

*His mother brought his son up with great difficulties.*

However, if the direct complement is a pronoun, then we should definitely separate these two parts and put a pronoun between them. For example:

*My father turned on the radio.*

*My father turned it on.*

*I picked up Ahmet.*

*I picked him up.*

Many transitive verbs are separable. Meanwhile, the complement, whether a noun or a pronoun, can be after an adverb or between a verb and an adverb. For example:

*I talked into my father letting me borrow the car* или *I talked my father into letting me borrowing the car.*

*I looked the phone number up* или *I looked up the phone number.*

*They really have very difficult problems among themselves. They need to talk them over like adults.*

The last type of phrasal verbs is intransitive phrasal verbs. Intransitive phrasal verbs are by definition inseparable-since they do not have a complement at all. For example:

*When we were in Antalya, we loved to eat out in sidewalk cafes.*

*After this chapter, I went on to the next one.*

*I woke up with a loud baby cry.*

Phrasal verbs are considered as “semicompounds” or sometimes even as “single units in the grammar”. There are several reasons for naming them like that by saying that there are severe collocational restrictions: one can give in but not give down. One can look after someone but not look before him or her. It means that that phrasal verbs are obviously semantic units because “give in” equals “yield”, “look after” may be replaced by the literary “tend”, “put up” has the meaning of “invent”, and “put up with” means “tolerate”. The treatment of phrasal verbs as single units is quite true and has a solid basis simply because one has to place certain prepositions or adverbs after certain verbs in order to convey certain meanings or concepts. Phrasal verbs are of great importance in the English language because they are used in everyday English. Understanding and learning to use phrasal verbs is often pretty problematic. On the other hand, though they are difficult to learn and remember, they colour the speaker’s language and make it richer.

Әңгімеде фольклорлық үш деталь кездеседі: саятшылық, кие, әңгіменің баяндау формасы. Саятшылық қазақ елінің ежелгі дәстүрінің бірі. Көшпелі жұрттың негізгі кәсібі. Өмір сүру салты. Дәлел ретінде: “Саятшылық — қазақтың байырғы да қосалқы кәсібінің, сондай-ақ көшпелілер үшін күнкөрістің әрі көңіл көтерудің бір саласы.” [11] – келтіруімізге болады. Оған қоса “Саятшылық қазақтың дәстүрлі аңшылығы” еңбегінде “Аңшылық – адамзаттың ең көне және ең алғашқы күнкөріс қарекетінің бірі болғанымен, уақыт өте келе кәсіпке ұласып, орта ғасырдың соңына дейін шаруашылықтың негізгі бір түріне айналды.” [12, 9] – деген пікірді де дәйек ретінде береміз. Бұдан шығатын қорытынды “Оркиік” әңгімесіндегі аңшылық культі фольклормен оның ішінде тұрмыстық фольклормен терең астасып жатқандығын анық көреміз.

Әңгіменің баяндау формасы да фольклорлық негізге сүйенген. Оған мысал ретінде “Жүсіп мерген” ертегісін, “Ортеке”, “Шұбар киік” “Ақсақ құлан” аңыздарын келтіруімізге болады. Түсінікті болуы үшін баяндау формасынан үзінді алып көрсетейік:

*Оркиік:*

Бұлар – ұлы ханның нөкерлері – шетінен дос, тату, жастары да шамалас жандар: әзірге ел-жер деген сөздердің сыртын қазықтап жүрген хан сарайының сый-сияпатына ғана батқан балпаң еркелер еді. ... Ең ілгері тазыдан арқан бойы жерде мүйізі қылтындап Оркиік қашып бара жатты. Сол-ақ екен, бүйірі қызған жігіттер қиқулай жөнелді. [3, 337]

*Ақсақ құлан:*

Жошы ханның маңдайына біткен жалғыз ұлы құлан аулауға құмар екен дейді. Құлан аулау қоян аулау емес, қауіп-қатері көп деп хан оны аңға жалғыз жібермейді екен. Күндердің күнінде ханзада әкесінен ұрланып, аңға бір өзі шығып кетеді. Бір жерлерге келгенде жайылып жүрген бір үйір құланды көреді. Қуанғаннан екі көзі жайнап, қорамсағынан сұр жебесін суырып алады да, жазықсыз жануарларды қынадай қырады. Қырудың қызығына түсіп кеткен ол, оғының таусылғанын да білмей қалады. [13, 259]

Екі баяндау формасы да бір-біріне ұқсас. Ертегі, аңыздарда оқиға желісі не хан немесе хан баласы мен нөкерлерінің саятшылығынан басталады. Жүмекеннің оркиігі де жоғары да көрсетілген салыстырма мысалдардағыдай хан ордасындағы нөкерлерден бастаған. Осылайша әңгіменің бір ұшы фольклорға барып тірелген. Ғалым С. Қасқабасов «Қазақтың халық прозасы» еңбегінде “Фольклорлық шығармада уақыт ешқашан кері шегінбейді. Басқаша айтқанда, жыршы немесе ертегіші әдебиеттегі сияқты бір кезде болып жатқан екі-үш оқиғаны қатар көрсетпейді. Мысалы, әдебиетте кейіпкердің өз басынан кешкен оқиғалар баяндалып отырып, автор кейін шегініп, осы кезде оның үйінде не болып жатқанын, оның маңайындағы адамдар қандай әрекет істеп жүргенін, олардың тағдырларын суреттей береді. Ал фольклорлық шығармада олай емес.” [14, 33] – деп шегелеп көрсеткен. Демек, ғалымның жіктеуінің негізінде оркиік әңгімесінің баяндау формасы толықтай фольклорлық форма санатына жатады.

Үшінші мәселеміз әңгімедегі «кие» ұғымы туралы. Әңгімеде оркиікті өлтіргеннен кейінгі қырық жігіттің және хан ордасының ойран-топаны шыққаны туралы айтылады. Бұл жайдан-жай емес. Осы оркиіктің киесі деп түсіндіріледі. Мұндай мысал ауыз әдебиетінде молынан кездеседі. Фольклорда кездесетін «кие» мәселесіне тоқталмас бұрын қазақ түсінігіндегі «кие» ұғымына тоқтала кетсек. Сөздікте кие ұғымына қатысты мынадай мәлімет берілген: “**Кие**– қандай да бір заттың немесе тіршілік иесінің қасиеттілігін, жоғары тылсым күшін білдіретін ұғым.” [15]. Яғни “кие” ұғымы - атадан балаға беріліп келе жатқан тамыры терең қасиетті ұғым. Олардың кейбірі өмір заңдылықтары, табиғат, діни сенімдер

арқылы қалыптасып ұлттың тыныс-тіршілігіне сіңісіп кеткен. Бұл жайында ғалым Ш. Уалиханов: “Сондай құдіретті күші бар жануарларды «»киесі бар дейді, ал олардың өзін киесі бар деп атайды” [16, 138] – дейді. Сонымен қатар қазақ тыйым сөздерінің ішінде “Жабайы аңды үнемсіз аулауға болмайды” [17, 132] деген сынды тұспалдар да кездесіп жатады. Дәл осы кие ұғымының әңгімеде және фольклорда берілуі:

*Оркиік әңгімесі:*

Ертесіне сиыр сәске кезінде Ұлы ханның ордасына жаға жеңдері алу-далу боп қырық қарақшы кірді. Бұла кеше осы уақытта аттанған қарық жайсаң жігіттен мүлде басқа-тын. Көздері қисайып, жүздері түнерген, бір-біріне қас аңсап, қара тілеген өңкей бір қараңғы адамдар содан пайда болды. Содан бастап, «балық басынан» дегендей, алдымен, хан ордасының берекесі ұшты. Артынша әлдекім Қызыл құмға күшәла тастап өлтірді. [6, 340]

*Ортеке аңызы:*

Ертеңіне Құламергеннің аты үйіне бос қайтады. Аңшының анасы атты ары-бері айналып қайран қалады. Ер-тоқым бүтін, қару-жарағы аман, тек Құламергеннің өзі жоқ. Білгір әйел атты зерлей қарап жүріп, оның бауырының күйгендігін байқайды. Байқайды да: «Балам арасанға түскен екен», – деп жорамалдайды (арасан – қайнап жатқан ыстық бұлақ). Атқа мінген ана өзі білетін арасандарды аралап жүріп, біреуінің ішінен әбден пісіп, сүйегі езіліп кеткен баласының мәйітін табады. [13, 270]

*Ақсақ құлан аңызы:*

Ханзаданың қауқарсыз халін сезген көсем құлан оны қос өкпеден қос аяқтап теуіп, айдалада өлтіріп кетеді. [13, 259]

Екі мысалда да киелі жануардың киесі ұрып апатқа ұшырайды. Жүмекен әңгімесіндегі кейіпкеріміз де түп-тамырымен жойылып кетеді. Олай болса, әңгімедегі кие мотиві фольклорлық детал болып табылады. Дәлел ретінде ғалым Б. Әзімбаеваның мына пікірін ұсынамыз: “2) жазалау мотиві: бір жағдайда қайырымдылық өтінген аңды өлтірген аңшының олжадан қағылуы, немесе аңға айналуы, немесе төменгі әлемге қуылуы” [18,173]. Жалпы алғанда, әңгімеде кездескен үш деталь: саятшылық, кие, әңгіменің баяндалу формасы бәрі толық фольклорлық таным. Әңгіме осы арқылы да өзінің өзектілігін жоймай отыр. Бүгінгі таңда да табиғаттың тұтастығын бұзбау оны қастерлеу ұлттық ғана емес, жаһандық маңызды мәселе. Түйіндей келгенде әңгіменің өн бойындағы қатігез аңшы образы – фольклорлық образ символы, қатігездік пен менмендіктің өлшемі ретінде берілген. Сонымен бірге ол қазақ тарихының өткен тарихын бүгінмен байланыстырып тұрған саятшылық дәстүрін көрсеткен. Қастерлі кие ұғымын дәріптеп, авторлық баяндауды фольклорлық баяндаумен қабыстырып, мағыналы көркем әңгіме тудырған.

Қорыта айтқанда “Оркиік” әңгімесінің тақырыбы – қазақтың “кие” ұғымы болса, идеясы - әр бір тірі жанның киесі болады, ол кие ұрса жақсылыққа апармайды деген ой болады. Жоғарыда атап өткеніміздей бұл әңгімеде үш түрлі мәселе қоғалғанымен негізі ой – кие туралы. “Кие” ұғымы қазақ үшін қастерлі де қасиетті, ал басқа ұлттарда да бұл жайында көптеген түсініктер қалптасқан. Яғни кие ұғымы бүгіннің ғана тақырыбы емес өткеннің де, бүгіннің де келешектің де негізгі тақырыбы болып қала береді. Осы тұрғыдан алып қарғанда рухани тақырып аясында өрбіген фольклорлық сарынға негізделген Жүмекен әңгімесі мәңгілік тақырыптар санатына жатады.

**Қорытынды.** Жүмекен бітімі бөлек ақын. Оны өз кезеңінде барша жұртқа мәлім етті. Бір ғана «Менің қазақстаным» әнінің сөзі оны сол дәуірге де бүгінге де мәшһүр етті. Десе де Жүмекен поэзиясының тілі жетпеген жерге оның прозасы келді. Өз уақытында танымал прозаиктермен қатар тұрып әрі қиын, әрі ауыр жазу машақатына білек сыбана кірісуі бір ауыз сөз қалдырсам деген ниетінен болса керекті. Оның қаламынан туған әңгімелер елдік, ұлттық мүддені қаузайттын идеялар мен тақырыптарға толы. Сонымен қатар советтің езгісін айқын көрсете алған туындылары да бар. Сөзімізді түйіндей келе Жүмекен әңгімелерінің

тақырыптық идеялық ерекшеліктері бар және ол сол кезеңнің ақиқатын астармен жеткізген сарабал жазушысы деп анық айта аламыз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі :*

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9 – том. Алматы. ҚазАқпарат., 2004 – 462 бет
2. [https://kitap.kz/book/1943/read#epubcfi\(/6/2\[id1\]!/4/2/2/1:0\)](https://kitap.kz/book/1943/read#epubcfi(/6/2[id1]!/4/2/2/1:0))
3. Жұмекен Нәжімеженов. Толық шығармалар жинағы. 6 – том. Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2012. 488 бет
4. Жанұзақова Қ.Т. Әдебиеттануға кіріспе. – Алматы: «Мерей» баспасы, 2015. – 276 б.
5. З. Қабдолов. Сөз өнері. – Алматы: «Қазақ университеті» 1992. – 352 бет.
6. К. Ахметов ӘДЕБИЕТТАНУ ӘЛІППЕСІ. Оқу құралы. – Алматы: ҚАЗАқпарат, 2000. - 184 бет.
7. <https://bilim-all.kz/quote/11409>
8. Жемібай Р.Қ. «Ж. Нәжімеденовтың «Азамат ауылы» және «Әйелдер» әңгімесіндегі әйел бейнесі. - ХАБАРШЫ «Филология ғылымдары» сериясы, №4(74), 2020
9. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/36839/>
10. <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/bes-paryz/iman/ei-ol-jagga-kim-baryp-keldi-deisin-7224/>
11. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%B0%D1%8F%D1%82%D1%88%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B>
12. Б. Хинаят, Қ.М. Исабеков. Саятшылық қазақтың дәстүрлі аңшылығы. – Алматы: “Алматыкітап”, 2007. – 208 бет.
13. Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. – Т. 8: Прозалық фольклор: Аңыздар. – Алматы: Brand Book, 2020. – 472 бет.
14. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.1. Қазақтың халық прозасы. Зерттеулер.– Астана: Фолиант, 2014. – 320 бет
15. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%B8%D0%B5>
16. Ш. Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1985 – 560 – бет.
17. Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. – Т. 6: Ғұрыптық фольклор. – Алматы: Brand Book, 2020. – 472 бет.
18. Қазақ эпосының сюжеттері=Сюжеты казахского эпоса: монография/Әзібаева Б.У. – Алматы: «Servise Press», 2014. – 576 б.

*References:*

1. Kazak adebietinin tarikhy. 9 – tom. Almaty. Kaz Akparat., 2004 – 462 bet
2. [https://kitap.kz/book/1943/read#epubcfi\(/6/2\[id1\]!/4/2/2/1:0\)](https://kitap.kz/book/1943/read#epubcfi(/6/2[id1]!/4/2/2/1:0))
3. Zhumecken Nazhimezenov. Tolyk shygarmalar zhinagy. 6 – tom. Almaty: «Kazygurt» baspasy, 2012. 488 bet
4. Zhanuzakova K.T. Adebiettanuğa kirispe. – Almaty: «Merei» baspasy, 2015. – 276 b.
5. Z. Qabdolov. Söz öneri. – Almaty: «Kazak universiteti» 1992. – 352 bet.
6. K. Akhmetov ADEBIETTANU ALIPPESI. Oku kuraly. – Almaty: KAZakparat, 2000. -184 bet.
7. <https://bilim-all.kz/quote/11409>
8. Zhetibai R.K. «Zh. Nazhimedenovtyñ «Azamat auylı» zhane «Aielder» angimesindegi aiel beinesi. - KhABARShY «Filologiiia zylymdary» seriiasy, №4(74), 2020
9. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/tmsil/36839/>
10. <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/bes-paryz/iman/ei-ol-jagga-kim-baryp-keldi-deisin-7224/>
11. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%A1%D0%B0%D1%8F%D1%82%D1%88%D1%8B%D0%BB%D1%8B%D2%9B>
12. B. Khinaiat, Q.M. Isabekov. Saiatshylyq qazaqtyn dastyrlı aqshylygy. – Almaty: “Almatykitap”, 2007. – 208 bet.

13. *Dala folkloryny antologiiasy: On tomдық. – T. 8: Prozalyқ folklor: Аңыздар. – Almaty: Brand Book, 2020. – 472 bet.*
14. *Kaskabasov S. Tandamaly. T.1. Kazaktyn khalyk prozasy. Zertteuler. – Astana: Foliant, 2014. – 320 bet*
15. <https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9A%D0%B8%D0%B5>
16. *Sh. Ualikhanov. Tandamaly. Almaty: Zhazushy, 1985 – 560 – bet.*
17. *Dala folklorynyn antologiiasy: On tomдық. – T. 6: Guryptyk folklor. – Almaty: Brand Book, 2020. – 472 bet.*
18. *Kazak eposynyn siuzhetteri=Siuzhety kazakhskogo eposa: monografiia/Azibaeva B.U. – Almaty: «Servise Press», 2014. – 576 b.*

## МРНТИ 11.01.05

*Nagieva A.T.,<sup>1</sup> Yerlan A.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Kazakh National Women's Pedagogical University,  
Almaty, Kazakhstan*

*<sup>2</sup>Kazakh National Pedagogical University named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan*

*<sup>1</sup> master's degree, [nagieva@mail.ru](mailto:nagieva@mail.ru)*

*<sup>2</sup>master's degree, [anel-erlanova@mail.ru](mailto:anel-erlanova@mail.ru)*

## STYLE OF PERIODIC PUBLICATIONS OF KAZAKHSTAN

### *Abstract*

Periodicals are defined as publications issued at regular intervals by a certain number of issues numbered, given the same title and issued in the same type. In addition, periodicals tend to continue publishing without a deadline and have an editorial board. Periodicals traditionally include newspapers and magazines, periodical bulletins and periodical collections. The totality of mass periodicals is called the press.

As a mass medium, periodicals have a number of properties of discursive meaningful communication, characterized by completeness, multidimensionality and evidence of judgments. The duration of operation in the media market and the established reputation provide greater persuasiveness and purposefulness of the audience's perception.

**Keywords:** periodicals, reality, magazine, information

*Нагиева А. Т.,<sup>1</sup> Ерлан А. <sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан*

*<sup>2</sup> Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан*

*<sup>1</sup> магистр, [nagieva@mail.ru](mailto:nagieva@mail.ru)*

*<sup>2</sup> магистр, [anel-erlanova@mail.ru](mailto:anel-erlanova@mail.ru)*

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАРЫНЫҢ СТИЛИ

### *Аннотация*

Мерзімді басылымдар деп нөмірленген, бірдей атауы бар және бір үлгіде ресімделген шығарылымдардың белгілі бір санымен бірдей уақыт аралығында шығатын басылымдар



түсініледі. Бұдан басқа, мерзімді басылымдарға басылымды тоқтатудың белгіленген мерзімінсіз жалғастыру үрдісі және редакциялық алқаның болуы тән. Мерзімді басылымдарға дәстүрлі түрде газеттер мен журналдар, мерзімді бюллетеньдер, мерзімді жинақтар кіреді. Бұқаралық мерзімді басылымдардың жиынтығы баспасөз деп аталады.

Бұқаралық ақпарат құралы ретінде мерзімді басылымдар дискурсивті мағыналы қарым-қатынастың бірқатар қасиеттеріне ие, олар толықтығымен, көп өлшемділігімен және пайымдау дәлелдерімен сипатталады. БАҚ нарығында жұмыс істеу ұзақтығы және қалыптасқан бедел аудиторияны қабылдаудың үлкен сенімділігі мен мақсаттылығын қамтамасыз етеді.

**Түйін сөздер:** мерзімді басылымдар, шындық, журнал, ақпарат.

Нагиева А. Т.,<sup>1</sup> Ерлан А. <sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный женский педагогический университет,  
Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Казахстан

<sup>1</sup>магистр, nagieva@mail.ru

<sup>2</sup>магистр, anel-erlanova@mail.ru

## СТИЛЬ ПЕРИОДИЧЕСКИХ ИЗДАНИЙ КАЗАХСТАНА

### Аннотация

Под периодическими изданиями понимаются издания, выходящие через равные промежутки времени определенным числом выпусков, имеющие нумерованные, одинаково озаглавленные и оформленные однотипно. Кроме того, для периодических изданий характерна тенденция к продолжению издания без установленного срока прекращения и наличие редакционной коллегии. К периодическим изданиям традиционно относят газеты и журналы, периодические бюллетени, периодические сборники. Совокупность массовых периодических изданий называют прессой.

Как средство массовой информации периодические печатные издания обладают рядом свойств дискурсивного осмысленного общения, характеризующегося полнотой, многоаспектностью и доказательностью суждений. Длительность функционирования на рынке СМИ и созданная репутация обеспечивает большую убедительность и целенаправленность восприятия аудитории.

**Ключевые слова:** периодические издания, действительность, журнал, информация

**Introduction.** As a part of the media space, periodic publications perform the same functions as the media as a whole but its main function is to create a holistic picture of the world. At the same time, various types of periodicals reflect the surrounding validity in different ways due to their own characteristics: not only the thematic orientation but also the periodicity of 16 issues.

So, the brief papers that are consisting of 4-32 pages are traditionally produced daily or several times a week. Their goal is to fix current changes, their reported information is topical, and the publication is compact. The magazine from 60 to 300 pages usually is published once a month or less. Journal publications are to in-depth analysis of events and trends and detect general patterns.

Thus, the types of values created by these types of periodic publications differ in their fundamental properties. Publications, which update frequently the information, form a picture of a

world consisting of separate modules that differ in fragmentation. A quick response to current events, alternation of topics and styles within one publication is a reaction to a new type of thinking of a modern generation, which is characterized by a high speed of information processing and discreteness of perception.

**Methods.** The change of the type of thinking is accompanied by changes both in the periodicals themselves and in the perception by the society of the phenomenon of periodic printing. There is a decrease in the quality of the proposed material, which can be revealed by studying modern dictionaries and encyclopedias. Thus, a sustainable expression «yellow press» (about low-standard and unscrupulous printing, focused on scandalous publications and unverified sensational facts) is often used in an illustrative part of the vocabulary article [1].

Sustainable is the phrase «corrupt media» (an illusory, venal and serving in the interests of a certain group). Space of the column is perceived as a means of producing profit through the placement of the most paid information. Such changes in connotation indicate a fall in confidence in the print media, which are claimed to conceal the facts and biased by their interpretation [2, 38].

Indeed, one of the main trends of modern periodic publications is their balancing between the themes of the «serious press» and the visual effects of the «yellow press». Many «serious» editions move to the A3 format, which is traditionally associated with entertainment editions. The number and size of illustrations are increased, bright large-format graphic elements are included in the text and visual expression is enhanced. The nature of publications is also changed: the installation for deep analysis and objectivity is inferior to the desire for scandalousness and increase the manipulative potential of texts.

**Research result.** Due to the promotion of published materials, which means the focus to promote certain individuals or actions, is to attract financial resources. Many publications unite the proposed journalistic principle and PR orientation as supporting texts that form a consumer audience and create a personality or product. Significant amount of papers are taken by advertising materials [3, 97-99].

The lack of financing of printed publications led to a volume construction and reducing editions. Often print media are forced to completely or partially switch to the Internet environment. Difficulties experience mainly small publications financed by private institutions. Difficulties arise in the small district and urban newspapers [4].

Availability and prevalence of information and communication technologies and free access to the Internet entailed an increase in the number of the audience of digital media. New types of media are formed, that are characterized by a large amount of information, interactivity and high propagation speed. E-newspapers appeared on the principles of constant updating of information and a high degree of illustration. A part of the periodic publications exists only on the Internet, and others begin to be printed. Many printed newspapers and magazines acquire their own sites and applications, e.g. TV channels and radio stations.

Simultaneously with the mass and widespread coverage, the trend of fragmentation of the target audience is formed. Modern media are not covered by worldwide events and united the population, but share the audience to segments that have their own specifics. Readers can choose those publications and those materials that correspond to their interests, values, public position, lifestyle and age characteristics.

Among modern periodic publications should be particularly allocated some of them which are specializing in the coverage of cultural events: newspapers «Literary Russia», «Literary newspaper», «Culture», «Book Review», magazine «Read together» and so on.

Thus, the approval of the unclaimed of periodic prints seems to be erroneous. Despite the undoubted advantages of forming digital space, periodic printing has a number of advantages: the possibility of deep analysis of reality, the authority of information and higher level of confidence in the audience compared to publications on the Internet. The shortcomings of printing publications



are insufficient efficiency, limited volume that can be the basis for the formation of high-quality content representing objective information and authoritative opinions.

These changes in the volume of circulation and in the number of columns are associated primarily with the problems of financing, which can be resolved by choosing an adequate modern socio-economic situation of editorial policy. However, undoubted is the need to improve the quality of published materials.

The literary magazine is called a magazine which publishes works of fiction and literary-critical materials. The Big Soviet Encyclopedia (<http://bse.sci-lib.com/>) defines a literary magazine as a monthly periodic edition which acquainting reader with innovations of original or translation literature and news of literary life that contributing to the formation of public opinion. In addition, the pages of literary magazines are being a discussion of public problems; materials are published arbitrarily related to the literature.

It can be said that the first Russian-speaking literary and art journals published in the second half of the XVIII century in Russia were «Trudolyubivaya pchela [Hardworking bee]» by A.P. Sumarokov, «Adskaya Pochta [Hellish Post]» by F.A. Emin and «Truten'[Drone]» by N.I. Novikov. In these journals, literary figures outlined their views on art and socio-political problems. «Satiristicheskii vestnik [Satyric Bulletin]» by N.I. Strakhov and «Pochta Dukhov [Mail of Spirits]» by I.A. Krylov developed the traditions of satirical journalism. On the pages of the «Moskovskiy jurnal [Moscow magazine]» by N.M. Karamzin, the artworks printed with reviews and reports about literary innovations.

In the first half of the XIX century, the mass reader's demand for publishing such a kind of journals spawned the emergence of commercial literary journals. By the 1860s, in the 20th period of active controversy for social and political topics, thick magazines of a certain orientation were widely distributed: the revolutionary-democratic «Sovremennik» [Contemporary] and «Otechestvennye zapiski» [Domestic notes], the Slavophilic «Moskvityanin» [Inhabitant of Moscow] and «Russkaya beseda» [Russian conversation], «pochvennicheskie» [naturalism], «Vremya» [Time] and «Epoha» [Epoch]. Own literary and art journals produced individual associations. However, the literary journals, established only at the direction of the authorities or from its approval, represented only the official point of view after the revolution of 1917.

**Discussion.** The second period of the prosperity of thick journals was the years of restructuring when the attention of the population was attracted by pressing social and political and economic problems. The revision of the official historical concept began, and the work of emigrant writers began to be a wide circle of readers. Currently, dozens of Russian magazines continue their activities; however, despite the emergence of the possibility of a private publisher, the reader audience has decreased due to the fall of the authority of literature as a whole [5].

Regardless of the period of occurrence and operation, literary and artistic journals were characterized by a number of peculiarities which includes not only the thematic orientation, but also the structure. The literary magazine includes various types of sections that can be combined into three groups. The first includes the artistic creativity of the authors published in the magazine as poetry or novel, the second includes publications in its various modifications, and the third includes literary criticism, which, in the opinion of many researchers, is an integral component that is often given a separate heading. The first literary and critical publications appear in the «Trudolyubivaya pchela [Hardworking bee]» by A.P. Sumarokov and in «Zritel'[Spectator]» by I.A. Krylov. Tynyanov, Yu. N. noticed in one of his works: «... the main life of the magazine is always in criticism and controversy. Criticism has nowhere to go without a magazine; and the magazine is impossible without criticism». The literary criticism became an ideological cod of the magazine after the strengthening of its position and intensifying the influence of the public [6]. Literary and critical publications that determine the direction and the «face» of the magazine can be attributed to the type-forming factors. So, Shilnikova, O.G. noted in her study that it was the program-critical

publications that caused the appearance of a phenomenon of the «thick» journals, which became a mobile resource for the transformation of its typological format [7].

Thick journals, according to L.D. Trotsky, served as the «laboratories where ideological flows were produced» because they presented separate literary directions, creative methods and theoretical concepts. The presence of a unified program and targeted editorial policy is one of the conditions for their successful functioning: the magazine acquired individuality. «Directivity» is called a generic feature of the Russian journal because there were certain socio-political forces for each specific journal.

Many scientific works dedicated to the phenomenon of thick journals reveal its two-stroke nature: literary-artistic and socio-political. So, Tvardovsky, A.T. wrote in one of his articles: «It is well known that in the ratio of the first, «literary and artistic», and the second, «social and political», parts of the «thick journals», this second, as a rule, is a smaller part that cannot be secondary without prejudice to the holistic impact on readers of this type of publication. Moreover, in other times, this second part acquires primary and leading importance». V. Lakshin notes that the permanent reader of the «his/her» journal, after being able to follow the movement of literature, began to be interested in the spiritual life of society as a whole. The focusing of the structural-semantic unity of the 22 literary and political- journalistic materials is due to the desire to combine both the new generation of writers and the new generation of readers by affecting not only to the literary but also to the social life as a whole.

In addition to the presentation of the main positions of the socio-political spectrum, thick magazines performed educational function for readers as «periodic encyclopedia». This feature can be explained as an insufficient possibility of popularizing science and the tendency of encyclopedism. None of the thick journals can be considered like purely literary due to the fact that they contain materials on politics, economics, history and geography. So, Belinsky, V.G. called the magazines «the factor of science and scholarships, an intermediary between science and scientists». Because of the encyclopedism and ideological monolith, thick journals represented a general view of the world and formed a public opinion. Modern youth increasingly uses a mixed language in everyday life. Such a way of communication neither be called the Russian language, or nor English. This language is completely new, it is built from the combinations of English and Russian words, i.e., a new word are created from two different language units. Although not only young people but all the structure of the economy uses this language, in particular, literature and literary magazines. The writers of the 21st century use words like «Second-hand», management, boutique, etc.

Modern literature is the literature of neologisms, i.e., there are increasingly could be find the allegory and protologisms («neologism» is no longer used in modern linguistics, and instead it uses another term «protologicistic», which is a newly formed word or expression entered in the language, for example, franchise, exoskeleton, warp engine, metapeople, mutant, mutagen, x-gene and others).

Nowadays, the rules of the wording have changed, which has a very strange appearance at first glance, or rather to hearing, new words as a transvestite, Nano, Avatar, Android and so on are appeared. The development of the language is more often reflected in its literature, and naturally visual culture does not cost without borrowing words and expression from others, mainly from English. There is no deal that this phenomenon was founded long ago, but recently such cases became more frequent. Language does not stop there; it is enriched and replenishes its vocabulary in different ways.

Nowadays no one surprises by the words belonging to other language culture, for example, prequel, sequel, Franchise, Spoiler, Hardcore. Modern literature simply «boils» by such units. When ones use them, the meanings of these words are more differ than their meaning in native vocabulary. For example, the borrowed language units like timeline, flashback, flash forward and other of these numbers. Modern Russian is notable in that it is the main rules (spelling,

punctuation, word-forming) that go to the background. Other trends come to the first: Russian is becoming freer when using «foreign» and «native» words.

So, as a modern society seeks to economize in everything, the language as part of this society does not remain on the side. Savings in the language led to the emergence of such phenomenon as truncation, abbreviation and arbitrary reduction in words. Now, no one is surprised by such a mixed type of language. The language is becoming more free and flexible. The language is social phenomenon and it develops exclusively by society.

**Conclusion.** The work acquires value when it is recognized and taken by competent readers; it means the valuable manufacturer is not as much the author as the field of production of the work, including not only literary figures, but also critics, historians of art, publishers, patterns, etc. Literary and artistic journals are a recognized group of authoritative agents that organize the platform for literary activities, which «sanctifying» author and evaluate his work and give it value. This group of recognized experts extends its influence on the author and work, contributing to the fact that they have a worthy position in the literary field.

The combination of materials published in the journal creates a syncretic image of the era. The frequency of release (monthly or quarterly) allows you to fix a kind of «time cut», which is not so fast-changing, such as, for example, in newspapers, but not frozen. Periodicity provides a greater degree of generalization of the material, the greater temporary accumulation of the author from the event gives greater analyticity. The most significant and already consistent phenomena and facts are selected for lighting, which contributes to the creation of a more unfolded and holistic picture of the world.

#### *Список использованной литературы:*

1. Толковый словарь русского языка начала XXI века. Актуальная лексика / под ред. Г. Н. Складневской // М.: Эксмо, 2006. -1136 с.
2. Боков, М. Б. Коммуникативная функция СМИ / М. Б. Боков // Мониторинг общественного мнения. – 2009. –№ 5. С. 31-52.
3. Тертычный, А. А. Тенденции в использовании жанров на страницах современных печатных СМИ/А. А. Тертычный // Вестник Московского университета. № 10, Журналистика.– 2011. – № 5. – 93-101 с.
4. Лизунова, И. В. Российские печатные СМИ в условиях мирового экономического кризиса: проблемы и перспективы развития – Режим доступа: <http://cyberleninka.ru/article/n/rossiyskie-pechatnye-smi-v-usloviyah-mirovogo-ekonomicheskogo-krizisa-problemy-i-perspektivy-razvitiya>
5. Литературные журналы в России [Электронный ресурс] –Доступ mode:[http://www.krugosvet.ru/enc/kultura\\_i\\_obrazovanie/literatura](http://www.krugosvet.ru/enc/kultura_i_obrazovanie/literatura)
6. Шильникова, О. Г. Типологический алгоритм «толстого» журнала в России XIX – XX веков – Режим доступа: <http://cyberleninka.ru/article/n/tipologicheskii-algoritm-tolstogo-zhurnala-v-rossii-xix-xx-vekov>
7. Шильникова, О. Г. Программные литературно-критические публикации как типформирующий фактор «толстого» журнала - Режим доступа: <http://cyberleninka.ru/article/n/programmnye-literaturno-kriticheskie-publikatsii-kak-tipofirmiruyushchiy-faktor-tolstogo-zhurnala-ctatya-pervaya>

#### *References*

1. Tolkovyy slovar' russkogo yazyka nachala XXI veka. Actual vocabulary / ed. G.N. Sklyarevskaya // М.: Eksmo, 2006. –1136 p.
2. Bokov, M.B. Kommunikativnaya funktsiya SMI/M.B. Bokov // Monitoring of public opinion. – 2009. –No. 5. pp. 31-52.

3. Tertychny, A.A. *Tendentsii v ispol'zovanii zhanrov na stranitsakh sovremennykh pechatnykh SMI* / A.A. Tertychny // *Bulletin of Moscow University. Ser. 10, Journalism.* – 2011. – No. 5. – 93-101 pp.
4. Lizunova, I. V. *Rossiyskiye pechatnyye SMI v usloviyakh mirovogo ekonomicheskogo krizisa: problemy i perspektivy razvitiya* – Access mode: <http://cyberleninka.ru/article/n/rossiyskie-pechatnye-smi-v-usloviyah-mirovogo-ekonomicheskogo-krizisa-problemy-i-perspektivy-razvitiya>
5. *Literaturnyye zhurnaly v Rossii* – Access mode: [http://www.krugosvet.ru/enc/kultura\\_i\\_obrazovanie/literatura/](http://www.krugosvet.ru/enc/kultura_i_obrazovanie/literatura/)
6. Shilnikova, O. G. *Tipologicheskii algoritm «tolstogo» zhurnala v Rossii XIX – XX vekov* – Access mode: <http://cyberleninka.ru/article/n/tipologicheskii-algoritm-tolstogo-zhurnala-v-rossii-xix-xx-vekov>
7. Shilnikova, O. G. *Programmnyye literaturno-kriticheskiye publikatsii kak tipoformiruyushchiy faktor «tolstogo» zhurnala* – Access mode: <http://cyberleninka.ru/article/n/programmnye-literaturno-kriticheskiye-publikatsii-kak-tipoformiruyushchiy-faktor-tolstogo-zhurnala-ctatya-pervaya>

## МРНТИ 17.82.30

*\*Иманғали Ө.,<sup>1</sup> Асылбекұлы С.<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы, Қазақстан*

*<sup>1</sup>1-курс докторанты, [orken.007@mail.ru](mailto:orken.007@mail.ru)*

*<sup>2</sup>филология ғылымдарының докторы, профессор, [serik051@mail.ru](mailto:serik051@mail.ru)*

## ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘНГІМЕЛЕРІНІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ АЯСЫ МЕН ӨЗЕКТІ ИДЕЯЛАРЫ

### *Аңдатпа*

Әңгіме оқуға ыңғайлы, шағын, жинақы прозаның шағын көлемді түрі. Қазіргі кезеңде том-том романдардан көрі прозаның шағын жанрына деген оқырманның сұранысы ерекше. Сондықтан қазіргі әңгімелерді зерттеу өзекті. Қазіргі әңгімелердің мазмұнын құрайтын өмірлік құбылыстар мен авторлық идеялардың ерекшеліктерін айқындау зерттеу мақаласының негізі мақсаты. Зерттеуге негізінен “Қазақ әдебиеті” газетінде соңғы бес жылда жарық көрген әңгімелер объекті ретінде алынды. Әңгімелерге негіз болған өмірлік жағдаяттар тақырыптық ерекшелігіне байланысты топтастырылды. Тақырыптарға деген авторлық көзқарастар жүйеленіп, айқындалды. Қаламгердің басты міндетінің бірі – ұлттық мүддені шығармасына арқау ету. Заманауи әңгімелерде қоғамдағы түрлі өзгерістердің, нарықтың, ғылыми прогрестің, саяси-әлуметтік оқиғалардың ұлттық құндылықтар жүйесімен қатынасындағы қарама-қайшылықтардың туындау себептеріне деген жазушылардың позициясы айқындалды. Кеңестік кезеңде цензураға ілінген немесе кеңес үкіметінің қазақ халқына жасаған қиянаттары жайындағы тарихи, экологиялық тақырыптарда жазылған синхронды әңгімелердегі өмір шындығын бейнелеудегі ерекшеліктерді саралау да зерттеудің негізгі міндеттерінің бірі. Адамтану ғылымы тұрғынысынан әлеуметтік жайттардың адам психологиясына тигізген әсері мен мінез-құлықтық өзгерістер талданды. Қазіргі әңгімелердің тақырыптық аясы мен өзекті идеялары дискурстық талданды.

**Түйін сөздер:** әңгіме, мазмұн, тақырып, идея, авторлық концепция, поэтика, кейіпкер.

*\*Imangali O.,<sup>1</sup> Asylbekuly S.<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> Kazakh National Pedagogical University named after Abai,  
Almaty, Kazakhstan*

*<sup>1</sup>doctoral student of the 1st year, orken.007@mail.ru*

*<sup>2</sup> Doctor of Philological Sciences, Professor, serik051@mail.ru*

## THEMATIC RANGE AND ACTUAL IDEAS OF MODERN KAZAKH STORIES

### *Abstract*

The story is a small volume type of prose, compact, easy to read. At the present stage, the reader's interest in the small genre of prose, which can be seen in the Tom-Tom novels, is especially in demand. Therefore, the study of modern stories is relevant. The main purpose of the research article is to identify the features of life phenomena and author's ideas that make up the content of modern stories. The research was based on stories published in the newspaper "Kazakh Adebieti" over the past five years. The life situations that served as the basis for the conversations were grouped depending on the thematic specifics. The author's views on the topics are systematized and defined. One of the main tasks of the writer is to introduce national interest to the work. The modern story reveals the writers' position on the causes of various changes in society, the market, scientific progress, contradictions in the correlation of political and social events with the system of national values. One of the main tasks of the research is also to differentiate the features of reflecting the reality of life in synchronous conversations that were censored or written on historical, environmental topics about the abuses of the Soviet government to the Kazakh people during the Soviet period. Behavioral changes and the influence of social aspects on human psychology are analyzed from the point of view of human science. The thematic sphere and actual ideas of modern conversations are discursively analyzed.

**Keywords:** story, content, theme, idea, author's concept, poetics, hero.

*\*Имангали О.,<sup>1</sup> Асылбекулы С.<sup>2</sup>*

*<sup>1,2</sup> Казахский национальный педагогический университет им. Абая,  
Алматы, Казахстан*

*<sup>1</sup>докторант 1 курса, orken.007@mail.ru*

*<sup>2</sup> доктор филологических наук, профессор, serik051@mail.ru*

## ТЕМАТИЧЕСКАЯ СФЕРА И АКТУАЛЬНЫЕ ИДЕИ СОВРЕМЕННЫХ КАЗАХСКИХ РАССКАЗОВ

### *Аннотация*

Рассказ представляет собой небольшой объемный вид прозы, компактный, удобный для чтения. На современном этапе особенно востребован читательский интерес к малому жанру прозы, который можно увидеть в том-томских романах. Поэтому изучение современных историй актуально. Выявление особенностей жизненных явлений и авторских идей, составляющих содержание современных рассказов, является основной целью исследовательской статьи. В основу исследования были взяты рассказы, опубликованные в газете "Қазақ әдебиеті" за последние пять лет. Жизненные ситуации, послужившие основой для бесед, группировались в зависимости от тематической специфики. Систематизированы и определены авторские взгляды на темы. Одна из главных задач писателя-приобщение к творчеству национального интереса. В современном рассказе выявлена позиция писателей к причинам возникновения различных изменений в обществе, рынка, научного прогресса,

противоречий в соотношении политико-социальных событий с системой национальных ценностей. Одной из основных задач исследования является также дифференциация особенностей отражения действительности жизни в синхронных беседах, которые в советский период были подвергнуты цензуре или написаны на исторические, экологические темы о злоупотреблениях советского правительства казахскому народу. Проанализированы поведенческие изменения и влияние социальных аспектов на психологию человека с точки зрения науки о человеке. Дискурсивно проанализирована тематическая сфера и актуальные идеи современных бесед.

**Ключевые слова:** рассказ, содержание, тема, идея, авторская концепция, поэтика, герой.

**Кіріспе.** Көркем шығарма мазмұн мен форманың бірлігінен тұратыны әдебиеттану ғылымында дәлелденген жайт. Мазмұнды шығарманың тақырыбы мен идеялық бірлігі құрайтыны да белгілі. Тақырыптың таразысын топшылап, заманның, болмыстың, өмірдің шындығын көркем шындыққа айналдыруда өнер иесінің арқалайтын азабы да аз емес. Жазушы жаратылыстағы түйткілді мәселелер мен түйіні қиын өмірлік жағдаяттарды шығармаға арқау ететеді. Бұл – тақырып. З.Қабдолов : “Тақырып – жазушының шындық болмыстан таңдап, талғап алып, өзінің көркем шығармасына негіз, арқау еткен өмір құбылыстарының тобы” [1,76] деген анықтама береді. Идея - көркем туындыға арқау болған мәселеге деген авторлық концепция мен көркемдік шешім. Тақырып пен идеяны бір-бірінен жымдасқан, адамның жаны мен тәні сияқты егіз ұғым.

Шығарманың жанрына байланысты тақырыптың ауқымы да әр келкі болады. Орта көлемді мен кең көлемді прозалық шығармаларға (повесть, роман) тақырып негізгі және жанама болып екіге бөлінеді. Негізгі тақырыпты мәңгілік тақырып деп атауға да болады. Оған : махаббат, отан, адам мен табиғат арасындағы байланыс сияқты тақырыптар жатады. Ал жанама тақырыптар негізгі тақырыпты айқындауға қызмет етеді. Мысалы, адам мен табиғат негізгі тақырып болса, қасқыр, ақ қайың, өзен, көл сияқты мотивтер жанама тақырыпқа негіз болады. Осындай тақырыптың өзіне тән ерекшеліктерін М.М.Гиршман теориялық деңгейде үш топқа біріктіреді:

1. Онтологиялық және антропологиялық жалпы ұғымдар.
2. Мәдени- тарихи құбылыстар.
3. Жеке адам өміріндегі жағдайлар. [2,9]

Әдебиеттанушы ғалым Қ. Жанұзақова шартты түрде тақырыпты екі топқа бөліп қарастырады : мәңгілік және тарихи тақырыптар [3,46]. Ал, біз тілге тиек еткелі отырған әңгіме жанрының тақырыптық ауқымының прозаның басқа жанырларынан айырмашылығы бар. Әңгімеде көп оқиға болмайды. Кейіпкерлері де санаулы. Уақыт мейілінше жинақталған. Осындай пішіндік ерекшеліктер, тақырыпты айқындайды. Демек, әңгіме тақырыбы көп жағдайда бір ғана негізгі тақырып болады. Зерттеу мақалада қазіргі әңгімелерді тақырыптық топтастыру арқылы дискурстық талдау жасалған. Себебі бір тақырыпқа жазылған бірнеше шығарманың болатыны заңдылық. Себебі өмір құбылысы біреу, оған деген субективті көзқарастардың әр түрлі екендігі белгілі. Мысалы, соғыс тақырыбына арнап жазылған Ғ.Мүсіреповтың “Қазақ солдаты”, Ә. Нұрпейісовтың “Куляндия” , Т.Ахтанов “Шырағың сөнбесін” тағы да сол сияқты біршама романдар қазақ әдебиетінде бар. Мақалаға “Қазақ әдебиеті” газетінде соңғы бес жылда ( 2016-2021) жарық көрген әңгімелер зерттеу нысаны етіп алынды. Себебі әңгіме шағын прозалық жанр, әдеби процестегі дамуы осы баспасөз бетінде айқындалады.

**Зерттеу материалы.** Соңғы бес жылдықта әдеби процесте әңгіме жанрында үздіксіз қалам тербеп келе жатқан қазақ жазушыларының қатарына : Қ. Мұханбетқалиев, Т.

Нұрмағанбетов, Н. Дәуітайұлы, М.Байғұт, С.Асылбекұлы, А.Алтай, Ж.Шаштайұлы, Б. Ыбырайым, Қ.Түменбай, А. Кемелбаева, М.Омарова, Е.Әбікенұлы, Қ. Тілеухан, А.Құрманбаева, А.Жұбаныш, Е.Қаныкейұлы, Н.Кәкенов, Г. Нұрланқызы, Ә. Асқаров, Д. Ахметова, Ж. Кенесарин, Е. Айболсын, Д.Ахметұлы, М.Қалдыбек, Т. Әбдірайым, Т. Рыскелдиев, Ә. Байбол, С. Сағынтай, А.Мырзахмет, Е. Бақаш, Т. Әлжанұлы сияқты авторларды жатқызуға болады.

Бір тақырыпта жазылған бірнеше әңгіме қазіргі әдеби процесте де бар. Соны ескере отырып, қазіргі қазақ әңгімелеріне тақырыпты топтастыру жасадық:

1. Сүйіспеншілік немесе махаббат тақырыбы;
2. Нарық тақырыбы;
3. Экология тақырыбы;
4. Әке мен бала қайшылығы;
5. Тарихи тақырып;
6. Ана тақырыбы;
7. Детектив пен мистикалық тақырып.
8. Ұлттық құндылықтар тақырыбы;

**Сүйіспеншілік және махаббат тақырыбы.** Махаббат – мәңгілік тақырып. Ұлттық әдебиетіміздегі лиро-эпостық жырлардан бастап бүгінгі күнге дейін көптеген шығармалар жазылды. Қазіргі әңгімелерде аталған тақырыпта жазылған шығармалардың өзіндік ерекшеліктері бар. Класикалық шығармалардағы бір-бірі үшін құрбан болатын ғашықтар бүгінгі әңгімелерде жоқ. Жазушылардың көпшілігі бір-бірін құлай сүйген бейкүнә қыз бен жігіттің балғын сезімінен гөрі, отбасылы еркек немесе әйелдің басқа қыз немесе жігіт қушағында романтикалық шаттыққа бөленетін сюжетті тақырыпқа телиді. Бұл әдебиет үшін жаңалық емес, Л. Толстойдың “Анна Каренинасы”, Ә. Нұрпейісовтың “Ақбаласы” сияқты мысалдарды келтіре беруге болады. Бірақ, қазіргі әңгімелердің махаббат тақырыбына негізделген формалық ізденіс, өмір шындығынан туындаған әдеби сұранысқа керек жауап тәрізді. Себебі, қоғамдық формацияның ғасырлар бойы қалыптастырған моралдық ұстанымдар (мысалы, махаббатқа адалдық) қазіргі уақытта өзінің құндылығын жойып бара жатқаны байқалады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, елімізде соңғы кездері жаңадан үйленген отбасылардың үштен бірі ажырасады екен. Оған әр түрлі себептер бар. Соның бірі – көзге шөп салу. Осы тұрғыдан алып қарағанда, қазіргі әңгімелердегі махаббат тақырыбының адамдардың рухани азғындау мәселесін көтеруі де заңдылық.

Аталған тақырыпқа бойынша жазылған А. Жұбаныштың “Есіл жағасындағы екеу”[4] атты әңгімесі бар. Әңгімеде отбасылы жігітке ғашық болған қыздың дәрменсіздігі баяндалады. Жігітте қызды жақсы көреді, бірақ осы қыздың жолында отбасын тәркі ете алмайды. Шығарма қыздың жаралы күйдегі психологиялық бейнесімен аяқталады. Б. Сәрмек өзінің “Раушангүл жасаған күн”, “Жеріну”[5] атты әңгімелеріне сүйіспеншілік тақырыбын арқау етеді. “Раушангүл жасаған күн” атты әңгімеде уақыт бір түн, кеңістік үй іші. Кейіпкерлер екеу: Бірі отыздан асқан қыз, екіншісі сол қыздың сағына күткен ғашығы отбасылы азамат. Әңгімеде екі ғашықтың сағына кездесуі, сағынышын басқан соң, отбасылы еркектің кетуі, қайғылы күйде, солған гүлге қарап, дәрменсіз қалған қыздың ішкі жан дүниесіндегі өзінен-өзі жеріну оқиғалары баяндалады. “Жеріну” әңгімесінде шығармашылық иесінің бойында болатын фонатизм мәселесі махаббатпен ұштастырылады. Жаңадан өлең жазып жүрген жас қыз ақын итбайға кездесіп, етегінен ұстап ере барады. Итбай қызға иттігін жасайды. Қыздың өлеңдерін баспадан шығартып беріп, ақысына өз арам ойын іске асырады. Ал, бұл іс-әрекеттерге ақын қыз мүлдем қарсылықта көрсетпейді, себебі оның фонатизм түсінігінде ақынға не істесе де жарасады деген ой қалыптасқан. А. Құрманбаеваның “Мен сенбеуші едім”[6] атты әңгімесінде махаббат тақырыбын қозғайды. Тағдыр тәлкегімен үйленеміз деп жүрген екі ғашықтың басы қосылмай қалады. Қызды бөтен азамат алып

қашып кетіп, қыз өз тағдыры үшін күреспей, дәстүрден аттамай, танымайтын адаммен шаңырақ көтереді. Бірақ, өз ғашығына деген сүйіспеншілігі бір сәтте жүрегінен өшкен емес. Арада ұзақ уақыт салып екеуі кездісоқ кездесіп қалады. Бірақ кездесу сәтінде әйелдің жүрегі жарылып қаза табады. Бұл әңгімедегі көркемдік шешімде әйел өз махаббатының құрбаны болады. Т. Рыскелдиев “Бәрі де – Ғалия үшін”[7] әңгімесінде Отбасы бар азаматтың Ғалия есімді қызға қашық болып, отбасын тәрк етеді. Өзінің іс-әрекетін дұрыс емес деп санаған Ғалия ғашығының бұрынғы жары Алиядан кешірім сұрауға барады. Алия Ғалияны өлтіреді. Әңгіме осындай сюжетке құрылған. Тақырыпқа негіз болған автор идеясы біреудің ошағын ойрандаған, өзіде оңбайды дегенге саяды. Т. Әбдірайым “Тағдыр сыйы”[8] атты әңгімесінде арқау болған махаббат тақырыбы. Бірақ, көркем шешім алдыңғы әңгімелерге барағанда басқаша. Бекен атты отбасылы жігіттің Алтынай атты қызға көңілі ауып, жүректері жарастық тауып үйленуді ойлайды. Оған бастабында Бекенің бәйбишесі Ақшабақ көнбейді. Бірақ оқиға соңында күйеуіне Алтынайды тоқал қылып өзі алып береді. Шығарма осындай поэтивті шешіммен аяқталады.

Махаббат тақырыбына жазылған әңгімелерді талдай отырып қоғамдағы бірнеше түйткілді мәселер бары байқалады. Аңғарымпаз жазушылар өмір құбылыстарының әлсіз тұстарының тамырын дөп басқан деген қорытынды жасауға болады. Әңгімедегі қыздардың көбі отыз жастан асқан. Бұл қоғамдағы отырып қалған қыздардың тағдырына деген жазушылардың жан ашырлығын байқатады. Оған қоса, отбасының ынтымағына сызат түссе, түбі трагедия болады деген ойды да жазушылар әңгімелері арқылы жеткізуге талпыныс жасаған. Бұған қосымша гендірлік ерекшелігіне байланысты әйел жазушылардың махаббат тақырыбындағы әңгімелері көп жағдайда отбасылы азаматқа ғашық болған қыз кейіпкердің дәрменсіздік эстетикасымен ерекшеленіп, жалғыз қалып, психологиялық күйзеліске, қайғығы батуымен аяқталады. Бұл олардың әйел затының жанын ұғынудағы өзіндік ерекшеліктерінен көрініс береді. Ал, ер жазушылардың кейбіреуінде отбасылы азаматпен көңілі жарасақан қызды бақытты етуге талпыныс жасалса (“Тағдыр сыйы” әңгімесі) , Кейбіреуінде мұндай тағдыр жолын таңдаған кейіпкерлер трагедияға душар болады (“Бәрі де – Ғалия үшін”).

6) *программная тема* “Профессионально-коммуникативные ситуации. Коммуникативные цели и намерения профессионального общения” (4 ч.); *тема, связанная с развитием риторической компетенции обучающихся* “Современная концепция культуры речи. Из истории культуры речи. Культура речи сквозь призму риторики”; *развитие вербально-когнитивного уровня риторической компетенции*: усвоение терминов: *речь*, формы речевого высказывания, культура речи, речевые формы культуры, языковая норма. Соотнесенность категорий “риторика” и “культура речи”; *развитие мотивационно-ценностного уровня риторической компетенции*: различение суженного и широкого толкования понятия *культура речи*. Осознание норм литературного языка как одновременно

устойчивых и изменчивых. Осознание особенностей риторической модели речевого акта. Формирование собственной позиции по различению “высококультурного” и несоответствующего, с точки зрения культуры речи, риторического выступления; *развитие рефлексивно-деятельностного уровня риторической компетенции*: коммуникативный тренинг на тему “Автопортрет” (задача каждого выступающего охарактеризовать себя как риторическую личность: а) степень владения родным / неродными языками; б) владение механизмами памяти, говорения, аудирования; в) степень раскованности и владения собой; г) владение стилями, нормами языка и пр.; д) часто ли и охотно ли выступаю публично и др.).

**Заключение.** Опыт дискурсивных практик, который приобретают студенты в ходе обучения по рассмотренной программе развития их риторической компетенции, вкупе с опытом, который обучающиеся приобретают параллельно по программным, также риторической направленности, темам, позволяет будущим учителям-словесникам улучшать качественные характеристики своих последующих дискурсивных практик, одновременно развивая в целом свою риторическую компетенцию.

Согласно рассмотренному планированию одновременно развиваются вербально-когнитивная, мотивационно-ценностная и рефлексивно-деятельностная составляющие риторической компетенции, формирование которой и есть становление функциональной грамотности будущих филологов в риторической сфере. И дискурс в этом случае становится категорией, генерирующей в себе указанные выше компоненты риторической компетенции. При этом практика рефлексии и самореализации личности будущего специалиста становится определяющим фактором в становлении функциональной грамотности обучающихся.

Дискурсивная практика в педагогическом вузе – это, прежде всего, практика диалога, приобретение ценностно-смыслового опыта, как студентами, так и преподавателями. Введение дискурсивной практики в обучение расширяет образовательные границы вузовской лингводидактики и способствует компетентностной подготовке будущих специалистов.

В целом “развитие функциональной грамотности свидетельствует одновременно об эффективном развитии профессионально-коммуникативной компетентности и компетенции будущего педагога-предметника, что, в свою очередь, является убедительной демонстрацией дидактических возможностей компетентностно-коммуникативной лингводидактики” [6, 99].

Помимо этого, поликультурно-полиязычная среда обучения, системное использование заданий и упражнений, направленных на формирование риторических знаний, умений, навыков обучающихся, в условиях преподавания русского языка как неродного студентам-филологам способствуют становлению риторической личности будущих учителей-предметников, повышают эффективность образовательного процесса, языкового обучения, позволяют осуществлять согласование интересов, воспитывать толерантность обучающихся как субъектов полилога культур.

*Список использованной литературы:*

1 Кибрик, А. А., Паришин, П. Б. Дискурс // 2001 [http:// www.krugosvet.ru/articles/82/1008254/1008254a9.htm](http://www.krugosvet.ru/articles/82/1008254/1008254a9.htm)

2 Макаров, М. Л. Лингвистическая антропология: очерк направления // Язык. Коммуникация. Культура: тенденции XXI века: междунар. юбил. сб. науч. трудов. Красноярск: Красноярский гос. пед ун-т им. В.П. Астафьева, 2007. С. 218–232.

3 Баранов, А. Н. Введение в прикладную лингвистику: учебное пособие. М.: Эдиториал УРСС, 2001. – 360 с.

4 Типовая учебная программа общеобразовательной дисциплины «Русский язык» для организаций высшего и (или) послевузовского образования // Типовые учебные программы

цикла общеобразовательных дисциплин для организаций высшего и (или) послевузовского образования: Сборник. – Астана, 2018. – С. 133 – 197.

5 Горобец, Л. Н. Формирование риторической компетенции студентов-нефилологов в системе профессиональной подготовки в педагогическом вузе: Автореф. дисс. док. пед. н. - Санкт – Петербург, 2008. - 38 с.

6 Кажигалиева, Г.А. Об образовательном потенциале компетентностно-коммуникативной лингводидактики // Компетентностно-коммуникативные основы языковой подготовки будущих педагогов-предметников в полилингвальном образовательном пространстве: Мат. Международной науч.-методич. конф. (02 октября 2020 г.) / Под ред. Г.А. Кажигалиевой, А.Д. Маймаковой. – Алматы: ИП «Балауса», 2020. – С. 93 – 99.

### References

1 Kibrik, A. A., Parshin, P. B. Diskurs // 2001 [http:// www.krugosvet.ru/articles/82/1008254/1008254a9.htm](http://www.krugosvet.ru/articles/82/1008254/1008254a9.htm)

2 Makarov, M. L. (2007). Lingvisticheskaya antropologiya: ocherk napravleniya // Yazyk. Kommunikatsiya. Kul'tura: tendentsii XXI veka: mezhdunar. yubil. sb. nauch. trudov. Krasnoyarsk: Krasnoyarskii gos. ped un-t im. V.P. Astaf'eva. S. 218–232

3 Baranov, A. N. (2001). Vvedenie v prikladnuyu lingvistiku: uchebnoe posobie. M.: Ehditorial URSS. – 360 s.

4 Tipovaya uchebnaya programma obshcheobrazovatel'noi distsipliny «Russkii yazyk» dlya organizatsii vysshego i (ili) poslevuzovskogo obrazovaniya // Tipovye uchebnye programmy tsikla obshcheobrazovatel'nykh distsiplin dlya organizatsii vysshego i (ili) poslevuzovskogo obrazovaniya: Sbornik. – Aстана, 2018. – С. 133 – 197

5 Gorobets, L. N. (2008). Formirovanie ritoricheskoi kompetentsii studentov-nefilologov v sisteme professional'noi podgotovki v pedagogicheskom vuze: Avtoref. diss. dok. ped. n. - Sankt – Peterburg. - 38 s.

6 Kazhigalieva, G.A. (2020). Ob obrazovatel'nom potentsiale kompetentnostno-kommunikativnoi lingvodidaktiki // Kompetentnostno-kommunikativnye osnovy yazykovoi podgotovki budushchikh pedagogov-predmetnikov v polilingval'nom obrazovatel'nom prostranstve: Mat. Mezhdunarodnoi nauch.-metodich. konf. (02 oktyabrya 2020 g.) / Pod red. G.A. Kazhigalievой, A.D. Maimakovoі. – Almaty: IP «Balausa». – S. 93 – 99.

МРНТИ: 17.09.91

\*Абдимомынов Е.Б<sup>1</sup>., Куттыбаев Ш.Д.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,  
Тараз, Қазақстан  
[edil889@mail.ru](mailto:edil889@mail.ru);

<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан  
[shokan-kuttybaev@mail.ru](mailto:shokan-kuttybaev@mail.ru)

### ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ДӘСТҮР МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ (XX ғасыр мен тәуелсіздік кезеңінде)

#### Аңдатпа

Мақалада қазақ қоғамында аламағайып өзгерістер мен ауқымды жаңалықтарға толы кезең болып табылатын XX ғасырдың басындағы әдебиеттану ғылымындағы жаңашылдықтар мен Алаш арыстарының шығармашылықтары туралы пікірлер ұлттық

поэзияның шеңберінде тыңғылықты сараланады. Сондай ақ, аталмыш кезеңдегі ақындардың мұраларындағы бостандыққа, ағартушылыққа, саясатқа, рухани құндылықтарға, жалпы халықтың жағдайы мен қоғамдық өзгерістерге қатысты туындылардағы орамды ойлары тәуелсіздік идеясы мен сабақтастықта қарастырылады. Қазақ әдебиетінің эволюциялық даму жолындағы XX ғасырдың басы мен Ұлы Отан соғысы жылдарындағы және одан кейінгі кезең мен Тәуелсіздік жылдарындағы ақындар поэзиясының көркемдік қуаты, тақырыптық-идеялық сипаты, мазмұндық, стильдік ерекшеліктері жан-жақты талқыланады. Сонымен қатар, XX ғасыр мен Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясындағы көрнекті ақындардың шығармалары әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық категориясының негізінде қарастырылып, соның аясында жан-жақты сипатталады. Яғни ұлттық поэзиямыздағы өмір құбылыстарының ішкі сырын, мәнін терең ашып беретін, олардың қасиет-сипатын, типтік тұрғыдан саралап көрсететін шынайы өмір мен көркемөнер арасындағы байланыстың нәзік желілері әр кезеңдегі ақындар шығармашылығымен байланыста талданып, дәстүр мен жаңашылдық сипатында одан әрі айқындала түседі.

**Түйін сөздер:** поэзия, дәстүр, жаңашылдық, рухани құндылық, ақын

*\*Abdimomynov E.,<sup>1</sup> Kuttybaev Sh.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Taraz Regional University named after M.Kh.Dulati,  
Taraz, Kazakhstan  
[edil889@mail.ru](mailto:edil889@mail.ru);*

*<sup>2</sup>Kazakh National University, Abay,  
Almaty, Kazakhstan  
[shokan-kuttybaev@mail.ru](mailto:shokan-kuttybaev@mail.ru)*

## **TRADITION AND INNOVATION IN MODERN KAZAKH POETRY (XX century and independence)**

### *Abstract*

The article analyzes views on innovation in the literary science of the early twentieth century and the work of Alash representatives in an era that is a period filled with profound changes and large-scale innovations in Kazakh society. In addition, works related to freedom, enlightenment, politics, spiritual values, the position of the people as a whole and social changes are considered the idea of independence and continuity. On the way of evolutionary development of the Kazakh literature, artistic power, thematic and ideological character, substantial and stylistic features of poetry of poets in the beginning of the XX century and during the Great Patriotic War, in subsequent years and years of independence are discussed in detail.

In addition, on the basis of literary traditions and novelty, the works of prominent poets of Kazakh poetry of the 20th century and Independence are considered and comprehensively characterized, i.e. internal motives, the content of life phenomena in national poetry are analyzed in close connection with the works of poets. The original vision of the traditional and differentiated in the literature of the Soviet period in the works of poets from a new perspective, from the point of view of today. In addition, the works of outstanding poets of Kazakh poetry in the period of the 20th century and independence are considered on the basis of classical tradition and novelty in literature.

**Key words:** poetry, tradition, innovation, spiritual value, poet

*\*Абдимомынов Е.Б<sup>1</sup>., Куттыбаев Ш.Д<sup>2</sup>.*

*<sup>1</sup>Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати,*

Тараз, Казахстан [edil889@mail.ru](mailto:edil889@mail.ru);

<sup>2</sup>Казахский национальный университет им. Абая, Алматы, Казахстан  
[shokan-kuttybaev@mail.ru](mailto:shokan-kuttybaev@mail.ru)

## ТРАДИЦИЯ И ИННОВАЦИИ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ (XX век и независимость)

### Аннотация

В статье в рамках национальной поэзии анализируются мнения о новаторстве в литературоведческой науке начала XX века и творчестве представителей Алаш в эпоху, являющейся периодом, наполненным глубокими изменениями и масштабными новшествами в казахском обществе. Кроме того, в произведениях, связанных с свободой, просвещением, политикой, духовными ценностями, положением народа в целом и общественными изменениями, рассматривается идея независимости и преемственность. На пути эволюционного развития казахской литературы подробно обсуждаются художественная сила, тематико-идейный характер, содержательные, стилистические особенности поэзии поэтов в начале XX века и в годы Великой Отечественной войны, в последующие годы и годы независимости.

Кроме того, на основе литературных традиций и новизны рассматриваются и всесторонне характеризуются произведения видных поэтов казахской поэзии XX века и Независимости, т.е. внутренние мотивы, содержание явлений жизни в национальной поэзии анализируются в тесной связи с творчеством поэтов. Оригинальное видение традиционных и дифференцируются в литературе советского периода в творчестве поэтов поэзияның точки зрения, по-новому, с точки зрения сегодняшнего дня. Кроме того, произведения выдающихся поэтов казахской поэзии в период XX века и независимости рассматриваются на основе классической традиции и новизны в литературе.

**Ключевые слова:** поэзия, традиция, нововведение, духовная ценность, поэт

**Кіріспе.** XIX ғасырдағы зар заман ақындарынан кейін ұлт руханияты мен мәдениетін, әдебиетін қолына алған тұлғалар жиырмасыншы ғасыр басындағы ұлы тұлғаларымыз Алаш арыстары мен өзге де ақын-жазушыларымыз болды. Бұл кезең тарихи, қоғамдық-саяси өзгерістер мен қатар қазақ әдебиеттану ғылымында небары 20-30 жылдың ғана көлемінде әдебиет айдынында болған жаңашылдықтарды суреттеумен де ерекшеленеді. Әдебиеттанушы ғалымдар арасында ерекше иждиһатпен аталатын бұл кезең өзіне дейінгі уақыттарда болмаған жаңалықтардың болуымен сипатталады. Мәселен, сонау сақ, ғұн, түркілер дәуірінен поэзиялық үлгіде қалыптасып, дамып келген әдебиетіміз осы кезеңнен бастап проза, драма, әдебиет теориясы, әдеби жанрлардың тууы мен қалыптасуы және т.б. жаңашыл бағыттарда даму үрдісін көрсетті. Сондай ақ, осы кезеңдегі поэзи өкілдері зар заман ақындарына қарағанда ұлттық мүдде, азаттық, тәуелсіздік секілді ауқымы кең идеяларды әр тарапта дамытып, оған ұлттық құндылықтарды қосып өркендетіп, жүзеге асырудың нақтылы жолдарын тап басып тани білгендігі анық. Пртия құру, газет шығару, кітаптар шығару, ұлт мектептерін көптеп ашу, оларда жұмыс жасайтын мұғалімдерді даярлау, мектептерде дүниауи пәндерді ашып, оларды оқытуға арналған тұңғыш оқулықтарды жазу сияқты ауқымды жұмыстардың да атқарылуы осы кезеңге тән ерекшелік. Бастысы қарахан бастарынан ұлт тағдырын биік қойып, ұлттық мұрат пен теңдік жолында күрескерлік танытқан, идеологиялық күрес жүргізген, қалам қайтаркерлеріміздің де осы кезеңде ғұмыр кешуі аталмыш уақыттың маңыздылығын арттыра түсті. Бүгінгі күнге дейінгі қазақ әдебиетінің осы кезеңіне қатысты зерттеулер жүргізген ғалымдар оны әр түрлі атауды да ұсынып жүргендері аян. Мәселен, көрнекті ғалым М.Мырзахметұлы осынау кезеңді

“Ояну дәуіріндегі әдебиет” деп атауды ұсынса, Р.Нұрғали «Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры» [1, 4] – деп атады. Ал зерттеушілердің тағы бір тобы осы кезең әдебиетін «Алаш ұранды әдебиет», “Алаш әдебиеті”, “XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті” деп атауды ұсынып жүр. Бұл бағытта әр зерттеушінің алдыға тартып ұсынған өзіндік дәлелдері мен дәйектері, нақты аргументтері баршылық. Бастысы әр ғалымның зерттеуінде осы кезеңнің айтулы жаңалықтары, ұлт қайраткерлерінің болмысы, атқарған қызметтерінің шынайы көріністері, ұлттық руханиятымызға қосқан үлестері туралы тың деректердің бірінен-соң бірі ашылып жатқандығы көңіл қуантады. Сондықтан, біз де аталмыш кезең әдебиетіне ерекше тоқталып, ұлттық поэзиядағы дәстүр мен жаңашылдыққа қатысты тұстарына талдаулар жасап, жан-жақты саралауға күш салдық.

**Әдістеме.** XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиет пен поэзияның тағы бір ерекшелігі онда өзіне дейін болмаған, болса да көркемдік қуат ала алмаған тақырыптардың жиі әрі өткір көтерілуінде болыды. Мәселен, осы кезеңде ұлттық тілге, дінге, өнерге, сал-санаға, жалпы қазақы дүниетанымға, және оқу-ағарту тақырыптары өткір көретілді. Әсіресе толықтай бодан елге айналып ұлттық құндылықтарынан қол үзуге айналған халқымыздың надандықпен күресі, басқа да дамыған елдер секілді оқу, білімді игеріп ел игілігіне жарату, бір сөзбен айтқанда ағартушылық мәселесі өте өткір көрінді. Сөйтіп, Қазақ сахарасында XIX ғасырдан бастау алған ағартушылық-демократтық идеялардың қанат жайып өркендеуі XX ғасырдың басында жаңа серпінмен тың туындыларды дүниеге әкелумен толығы түсті [2, 9]. Бұл орайда А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедұлы, С.Торайғыров, Ш.Құдайбердіұлы, Ә.Ермеков және т.б. қайраткерлердің еңбектері айрықша елеулі болды. Олар ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтарымыздың қайта түлеуіне, елдің есін жиып тәуелсіздікке ұмтылуына, білім-ғылымды игеріп мемлекетімізді демократиялық жолмен дамуына, әдебиеті пен мәдениет жүйесіне өзгеріс әкелуге бастарын қатерге тіге отырып тәуекел етті. Азаматтық қоғам тұрғысынан еркін ойлап, дүниеге сергек көзбен қарасақ зиялыларымыздың ұстанған бұл жолы, бағыты өте дұрыс. Олай дейтініміз, жалпы халықтың ой-санасы оянбай, саяси көзқарастары дұрыс қалыптаспаса, рухани тамырын дұрыс бағамдап танымаса ауқымды қоғамдық реформаларға бет бұру мүлдем мүмкін емес. Алаш қайраткерлері осындай үлкен реформалар жасап, ұлтымыздың тарихында, әдебиеті мен мәдениетінде үлкен дүмпу жасай білді. Осы кезеңде тарихымызда да бірнеше ірі саяси оқиғалардың да болғандығы белгілі. Сыртқы және ішкі саясатымызда орын алған мұндай айтулы оқиалар қазақ ақындарының шығармашылығына да өз әсерлерін тигізбей қоймады. Патшалық Ресей империясына өз ішінде жасалған қарсы толқулар, оған сыртқы күштердің әсерін көзбен көрген қазақ зиялылары да өз ұлтының өзге өркениетті, тәуелсіз елдердің қатарынан көрінуді аңсады, сол жолда өз ниеттерін іске асыруды мұрат тұтты. Оған жететін бірден-бір төте жол оқу, білім, яғни ағартушылық жолы деп білді. Мәселен, осы кезеңдегі шоқтығы биік ақын С.Торайғыров:

Қараңғы қазақ көгіне,  
Өрмелеп шығып, күн болам!  
Қараңғылықтың кегіне  
Күн болмағанда кім болам [3, 68]

деп сол кезеңдегі толғақты, әрі өзекті мәселені өлеңмен өрнектеп жеткізді.

Алмағайып реформалар мен рухани ренессанс дәуірі болған осы кезеңде қазақ ақын-жазушылары шығыстық ағартушылық, батыстық ағартушылық, ағартушы-демократтық, және ұлт-азаттық бағыттағы ақын-жазушылар секілді бірнеше бағыттарға бөлінді. Зерттеушілердің пікірінше бұл салада бірізділік байқалмайды. Бірі үш бағытқа бөлсе, енді біреулері төрт бағытқа бөліп қарастырады. Аталмыш бағыттағы ақын-жазушыларымыздың бір бөлігі халықты дін арқылы, діни оқу арқылы ағартуды көздесе, тағы бір тобы жаңаша Еуропаша білім алып өркендетуді көздеді, ендігі бірі тобы бостандықты ту етіп еркіндікті

жырлау арқылы халықты оятуға күш салды. Дегенмен, әр бағыт өкілдерінің бағыты бөлек болғанымен ұлттық мұрат пен мүддеге, күрескерлік пен ұлттық сананы оятуға, жалпы елді біріктіріп рухани өрлеуге жетелеуге келгенде бірізділік танытанындығы байқалады.

Мәселен, діни-ағартушылық немесе шығыстық ағартушылық бағыттың басында тұратын көрнекті өкілі Мәшһүр-Жүсіп Көпеев:

....Дінімізді кемітіп қорламасын,

Көзімізді бақырайтып ұрламасын. Баламызды билетсін өзімізге,

Оқытсын деп орысша зорламасын [4, 59]

--деп сол тұстағы орысотаршыларының діни ұстанымдарына қарсылық білдірсе, Батыстық ағартушылық бағыттың көрнекті өкілі А.Байтұрсынұлы:

Қазағым елім,

Қайқып белің,

Сынуға тұр таянып.

Талауда малың,

Қанауда жаның,

Аш көзіңді оянып [5, 54]

– деп халықтың қалың ұйқыдан көзін ашу қажеттігін ашына жырға қосты.

Дегенмен, қазақ қаламгерлерінің отаршылдықты қаншалықты сынап, одан құтылудың қажеттігін жарлап, елді оянуға үндегенімен осы кезеңде бұрыннан қазаққа тізе батырып үйренген империялық билік өзінің сұрқия, солақай саясатын жалғастыра берді. Оның салдары ақындарымыздың шығармашылық ойлау еркіндігінен айырып, қуғын-сүргінге ұшыратуға, тіпті олардың ұрпақтарына да «халық жауының ұлы, қызы» деген секілді жалған айыптар тағылып қудалауға душар еткендігі де тарихтан белгілі. Осы кезеңде патшалық ресей, Кеңес империясы деп аталатын жаңа алып күшке ие болды. Бұл үкіметтің күшіне енген тұстағы қазақ поэзиясындағы дәуір тынысы социалистік жүйенің жақсылығын дәріптеуге мәжбүр болды. М.Жұмабаев, І.Жансүгіров сынды бірқатар реалистік ақындардың қоғамның күнделікті тыныс-тіршілігін суреттеп, өзі де, ойы да бұғауда жатқан қазақ қоғамының санасына сілкініс жасау мақсатындағы шығармашылық ізденістер оң нәтиже бергенімен олардың өздерін зұлматтың құрбанына айналдырды. Іле-шала соғыс өрті тұтанған кезде де қазақ ақындары майдан даласындағы кеңес әскерінің табыстарын жырлады. Бұл шақта қарт ақын Жамбыл Жабаев бастаған Қасым Аманжолов, Сырбай Мәуленов, Ғали Орманов, Жұбан Молдағалиева, Мәриям Кәкімжанова сынды поэзия өкілдері жарқырай көрінді. Бұл орайда майдандағы шайқастағы, ондағы жауынгерлердің ерен ерлігін, қалыптасқан ахуалды суреттеуде Қасым Аманжолов сынды майдангер-ақындардың өлеңдері шынайылығымен дараланды. Ал, Жамбыл Жабаевтың “Ленинградтық өренім” туындысы қоршаудағы кеңестік қала тұрғындарының ұранына айналды. Оның орыс тіліне аударылып қала көшелеріндегі бағаналарға ілінуі де қарт ақынның шығармашылық әлеуетінің жоғары екендігін білдіреді.

**Талқылау.** Жалпы қазақ әдебиеті үшін жауынгерлік, әскери поэзия таңсық тақырыптардың қатарынан емес. Оған жыраулар поэзиясы нақты мысал бола алады. Ал соғыстан кейінгі халық шаруашылығының қайта аяққа тұруы, өндіріс орындарының құрылуы, нағыз еңбек адамдарының образдарын жасаудағы жанрлық ерекшеліктер қазақ поэзиясына өзгешеліктер ала келеді. Дегенмен, бұл жанрлық алуантүрлілікте қазақ ақындарына еш қиындық туғызбады. Керісінше соғыстан кейінгі елдің жағдайынан хабар беретін үлкен поэтикалық туындылар өмірге келді.

Соғыс жылдарындағы қазақ ауылының тұрмысын жырға қосқан Мұқағали Мақатаев сынды ақындардың да туындылары да халық жүрегінен өз орнын таба білді. Мұқағали Мақатаев поэзиясының ықпалымен қазақ өлеңдеріне лирикалық сарын келді. Ақындар күнделікті тіршіліктен, заман ағымынан бөлек сүйіспеншілік, махаббат тақырыптарында өз жырларына арқау етті. Ақындар сонда да болса қоғамдағы өзгерісерді ішінара жырға қосу



үрдісінен қол үзіп кете алмады. 1961 жылы қазақ даласынан ғарыш көгіне кеңес азаматының жол тартуын қазақ ақыны Олжас Сүлейменов “Адамға табын Жер енді” өлеңінде жырлады. Ал, Қасым Аманжолов XX ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ қоғамының өзекті мәселесіне айналған баспана мәселесін жырға қосады. Ақын Әбділдә Тәжібаевтың 1984 жылы баспадан шыққан “Таныс дауыстар” деп аталатын жыр жинағындасоциалистік қоғамның ыдырай бастауы,соның есебінен кеңес адамдарының бойынан жат қылықтардың көп байқала бастағанын ашына жырына қосты.

Апырау, бұлне?  
Неболып біздеркеткенбіз?  
Қайдан шыққанбыз?  
Қай жерге келіп жеткенбіз?  
Айтсаңдаршы енді-  
Кім болып осы кеткенбіз?

– деп жырлады қарт ақын.

Бүгінгі мен кешегіне салыстыра отырып жырлаған лирик ақын Қадыр Мырза Әлінің өлеңдерінде де қоғамдық мәселелер, өз дәуіріндегі өзекті түйткілдер қылаң береді. Мәселен:

Бабамыздың шоқ басқан табанымен,  
Бірдей екен жақсысы жаманымен;  
Бір жаманы – тынымыз көше берген,  
Бір жақсысы қимаған даланы кең.  
Біржаманы – жел сөзге ерген екен.  
Бір жақсысы – тілге ерік берген екен.

Мұндай сарын Қазақ ақындары Ә.Тәжібаев пен Х.Ерғалиевтың “Мен кешеден келдім бүгінге”, “Жылдар, жылдар” деп аталатын поэмаларында бар. Бұл туындыларда Қазақстан мен оның халқының соңғы жарты ғасырдағы тарихы суреттеледі.

Осынау поэтикалық хронологиядан тамыр тартқан қазақ ақындары 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында реалистік көзқараспен жырлай білді. Оқиғаның шынайылығы оның қазақ қоғамында көптен шешуін күткен мәселелердің шешімі болғанын желтоқсаншы ақын Қайрат Рысқұлбеков өз туындыларында шебер суреттеді. Сол секілді биік саяси мінбелерден Желтоқсан оқиғасының ақиқатына үңілген Мұхтар Шаханов та аталған оқиғаның әдеби бейнесін жасауға көп еңбек сіңіре білді.

Жалпы XX ғасырдың басындағы ақан-жазушыларымыз бен Кеңестік дәуірдегі қазақ поэзиясының жарқын өкілдерінің туындыларында ел, жер, қала мен дала, жаңа қоғам, ауыл өмірі, шаңырақ қасиеті, тіл, дін, діл, бостандық, азаттық секілді ауқымды тақырыптардың көптеп көтерілуі түптеп келгенде елдің тәуелсіздікті аңсап, оған қол жеткізу жолындағы асқақ арманы мен орамды ойларының өрістетудің өзегі болып табылатындығымен ерекшеленеді. Осылайша ғасырдан ғасырға жалғасып, ел жадында әр заманда жаңғырып, түрленіп, толығып, қанат жайған ұлы идея – тәуелсіздік идеясы баба мен ұрпақ арасындағы сабақтастыққа негіз болып поэзия тілімен суреттеліп отырды. Қазақ поэзиясы өзінің бірнеше ғасырлар тарихында еш ауақытта азаттық, еркіндік, тәуелсіз идеяларын назардан тыс қалдырмаған. Керісінше әр уақыттың тарихи, қоғамдық өмірінің сұранысына байланысты жаңа сапаға көтеріліп, әр кезеңнің әдебиеті бірін-бірі өзара сабақтастықта толықтырып, дамып отырған. Ұлттық әдебиетіміздің әр кезеңі салыстырмалы түрде қарағанда өзіне дейінгі әдеби бағыттарды, поэзиялық жырларды тақырыптық-идеялық тұрғыда өсіріп, көркейтіп тұрды. Бір-бірінің орнына келген поэзиялық туындылар өзіне дейінгі дәстүрлі қазақ поэзиясының шын мәніндегі өмірлік, қоғамдық мәні мен саяси функцияларын толықтай сақтай алмағынымен, шығармашылық дәстүрін, қалыпты эволюциялық дамуын одан әрі жалғастырып отырды. Түйіндеп айтқанда қазақ өмірін жан-жақты баяндаған дәстүрлі поэзия әр кезеңде өзіне сай көркемдік қуатымен, стильдік ерекшелігімен, дәстүрлі бағытымен дамыды [6, 35]. Бұдан шығатын қорытынды, қазақ поэзиясы, қазақ әдебиеті секілді дәстүрлі



түрде жаңашылдық сипатта дамып келді. Осы жерде әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық деген үлкен ұғымның көрінісін байқауымызға болады.

Дәстүр мен жаңашылдық әдебиеттану ғылымы үшін әдебиеттің барлық тенденциялық дамуын, бағыты мен сипатын, қол жеткізген жетістігі мен кемшіліктерін айқындап көрсететін маңызды компонент болып табылады. Дәстүр мен жаңашылдық бірінсіз-бірінің мәні мен мазмұны толықтай ашылмайтын, өзара тығыз бірліктегі категориялар. Проза мен поэзияға қатысты солай. Жаңашылдық дәстүрдің бастауы болса, оның негізгі мәні дәстүрге айналу болып келеді. Жаңалықсыз дәстүрдің болмайтыны секілді, дәстүрдің дәрежесіне көтеріле алмаса, ол да жаңалық емес болып қалады. Әдебиеттің қандай да бір мәселесі, қарастыратын объектісі болмасын осы дәстүр мен жаңашылдық категорияларының өзара бірлігі мен сабақтастығы тұрғысынан зерттеліп, зерделенгенде ғана әдебиет дамуының толықтай шынайы бейнесін, келбетін көруге болады [7, 22]. Бұл сұлу сөздің сұңқарын, сымбатын бар бітім-болмысымен шебер де әсерлі етіп бейнелейтін поэзияға да қатысты маңызды мәселе. Сондықтан, бүгінгі қазақ поэзиясы туралы сөз қозғағанда оны әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық категорияларының негізінде қарастырудың маңызы ерекше болмақ. Оның үстіне қазақ поэзиясы өзінің сан ғасырлық тарихында, әр кезеңде өзіндік ерекшеліктері мен қатар өлеңнің тақырыптық-идеялық, көркемдік-бейнелілік танытқан әр кезеңінде қалыптасқан дәстүр бойынша дамып, жаңашылдық сипатын көрсетіп отырған.

Зерттеуші атаған жас ақындардың өздері бұл күнде алды екіден, соңы бірден өздерінің жеке жыр жинақтарын шығарып, әдебиетші қауымның алдында беделдерін өсіріп, әдеби айналымға тың ой, соны тақырыптарды енгізіп жатыр. Дәстүрге мойын бұра отырып біздер әдебиеттегі жаңа құбылыс дейтініміз сол көптеген жылғы жинақталған тәжірибенің, көркемдік дәстүрдің озығы, алдыңғы қатарында болуға тиістігін және “жаңашылдық дегеніміз көнерген, тозған дәстүрден арылып, өз заманының прогресшіл, ілгерішіл талабына сәйкес дәстүрден, өнегеден барып туындайтын құбылыс” [8, 45] екендігін бағамдаймыз.

**Нәтиже.** Қазақ поэзиясындағы ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүр бүгінгі күні жаңаша үрдіс ретінде көрініс беріп отыр. Уақытты қарсы алум мен онымен санасу тұрғысынан алғанда жоғарыда есімдері аталған ақындардың және біз атаған тізімге ілікпей қалған басқа да шығармашылық иелерінің де жалпы дүниені танулары, уақыттың ағымына ілесе алуы жағынан екі түрлі бағытта қалыптасқандығын аңғарамыз. Сондай ақ, XX ғасыр басындағы және одан кейінгі уақыттардағы ақындардың шығармашылығынан қатаң цензураның да көрініс беріп отырғандығын байқаймыз. Өкінішке орай, әдебиетімізде қалыптасқан бұл келеңсіз құбылыс еліміз тәуелсіздік алғанға дейін созылды. Дегенмен, цензуралық кезеңнің өзінде өзінде ақындарымыз барлық хал-қадірінше қоғамның шындығын бірде ашық, бірде астарлап жеткізіп жатты. Жүректен шыққан мұндай шынайы шындықтардың көркем әдебиетте поэтикалық түрде көркем сөзбен өрнектелуінің дәрежесі мен деңгейі өз алдына бөлек мәселе де, ол шындықтың айтылуы басқа әңгіме. Солақай саясат жүргізіп, қатаң цензура орнатқан Кеңес үкіметі кезінде ақ пен қара бояудың орнын түрлі-түсті, тіпті «түсініксіз» бояулардың алмастырып кеткендігі де шындық. Сондықтан, халқымыз тәуелсіздікке қол жеткізіп, азаттықтың ақ таңа атқанда ғана елімізде сөз бостандығы, сөз өнері демократиялық жолмен дами түскендігі көңіл қуантады. Қалай айтсақ та, қалай болған күнде де «әдебиет мінберінен», «поэзия әлемінен» ашық әңгімелердің айтылып, шынайы жырлардың жырлануы тәуелсіздік кезеңінде көптеп айтыла бастағандығы белгілі. Мұны біз тәуелсіздіктің ең бірінші, әрі басты жетістігі деп түсінгеніміз абзал.

Мәселен Н. Айтұлының “Қазақ сиқы” өлеңіне назар аударсақ:

Сөз айтпаймын мен саған қитығардай,  
Тұрмысыңның, қарашы, сиқы қандай?  
Жалғыз үйден аумайсың жау тонаған,  
Үрерге иті, сығарға биті қалмай?  
... Бойға біткен бұйырмай құтың-дағы,

Төсеніштің қалмады бүтін жағы,  
Екі қолың босамас борбайыңнан,  
Тозған шалбар тоналса бұтыңдағы [9, 77].

Ақын бұл өлеңінде тәуелсіздік жарияланғаннан кейінгі алғашқы жылдардағы қоғамда көрініс берген тұрмыстық, әлеуметтік жағдайларды, халықтың жағдайы мен ұлт тағдырын баяндаған. Сондай ақ, ақынның осы өлеңінен оның азамматтық тұлғасы мен ұстанған негізгі нысанасы да айқын көрінеді. Мұншалықты қазақ қоғамының ашық сипатта суреттелуін ХХ ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлерінің мұраларынан да көреміз. Сол кезеңнен кейінгі уақыттарда, яғни кеңестік әдебиет тұсындағы әлеуметтік-қоғамдық тұрмысты мұншалықты суреттеуге қатаң тиымдардың салынғандығы белгілі.

Сонымен қатар, қоғамдық өзгерістер мен реформалардың аласапыранға түскен уақытында әдебиет ағымының да дами түсетіндігін аңғаруға болады. Оған ірі қоғамдық өзгерістер мен саяси реформалар орын алған өткен ғасырдың басындағы жағдайлардың әдеби дамуға тигізген ықпалынан көруімізге болады.

ХХ ғасырдың басындағы қазақ поэзиясының шоқтығы биік ақындары төңкеріске дейінгі және одан кейінгі уақыттардағы елдің тұрмыс-тіршілігін, қоғамдық құбылыстарды барынша анық, ашық айтуға тырысып бақты. Жоғарыда біз атап көрсеткен Несіпбек Айтұлының өлеңіндегі қоғамның шындығы өткен ғасырдың басындағы Мағжан ақынның қазақ өмірін суреттеп жазаған өлеңдерімен сабақтас, ұқсас болып келеді. Аталмыш ақындардың өлеңдерінің ұқсастықтары адамдардың өміріндегі орын алаған түрлі қоғамдық ерекшеліктерге де байланысты болса керек. Бұл орайда ақындардың әдебиет өкілі ретіндегі міндеттерінен қоғамның жаршысы ретіндегі азаматтық міндеттері үстем тұр. Олар ел өміріндегі келеңсіз тұстарды суреттеу арқылы барша шындықты айтуға тырысқан.

Сондай ақ, әдебиеттің, ондағы көркем шығармалар мен поэзиялық туындылардың көркемдік, тақырыптық-идеялық, жанрлық, стильдік және т.б. қырларының қауғалап өсіп, дамуына сол кезеңдегі сыртқы және ішкі факторлардың да белгілі бір деңгейде әсер еткендігін білеміз. Бұл орайда қоршаған ортаның қоғамдық маңызы өте айрықша. Жалпы сыртқы факторлар ретінде ата-бабамыздың ықылым замандардан мемлекетіміздің азаттығын, тәуелсіздігін, белгілеуін, соны мақсат тұтқандығын, елдің рухани тұрғыда жаңғыруын алуымызға болады. Осы сыртқы фактордың біздің әдебиеттің дамуына тигізген ықпалы зор болды. Мәселен, күллі адамзаттың дамуында қатыгездіктер мен қайшылықтарға, алапат өзгерістерге, айтулы жетістіктерге толы болған ХХ ғасырдың ең басты жетістігі ол біздің тәуелсіздігіміз болды. Сондықтан бұл дәуірдегі қазақ әдебиетінің, қазақ поэзиясының дамуы бұрынғы кезеңдерге қарағанда айрықша сипатта болғандығы анық. Бұл сарынның ұшқынын ұлттық поэзиямыздан да көруіміз еш қиындық тудырмайды. Өткен ғасырдың аяғында ақ, тәуелсіздікке байланысты том-том кітаптар жазылып, жүздеген өлең-жырлар айтылды. Олардың барлығында еркіндік пен азаттық идеясының көркемдік сипатының бояуы анық байқалып тұрды. Тәуелсіздігімізді алып, азат ел атанғаннан бастап ұлттық поэзиямыздағы шығармаларда көнетүркілік сарын, жыраулар әдебиетінің үлгісі, Мағжан Жұмабаев бастаған романтикалық-символистік бағыт көптеген ақындардың айқындаушы стилі ретінде қалыптасты. Бұл топтағы ақындардың да шығармаларында азаттықтың ақ таңы мен тәтті тәуелсіздік туралы өзекті ойлардың көптен көрініс бергендігін аңғарамыз.

Мәселен, Тәуелсіздікті ақын Оңайгүл Тұржан:

Быт-шыт болды бодандықтың түрпісі,

Қандай сұлу азаттықтың күлкісі.

Сәби болып жүгіреді далада

Бостандықтың ғажап күміс күлкісі [10, 25]

– деп, бостандықты сәби күлкісінің сыңғырымен өлшейді.

Ия, барлық елдің маңдайына біте бермейтін тәуелсіздік біздің халқымызға тәңірден жеткен тәтті сый секілді көрінетіндігі де рас. Сондықтан, ақынның оны бейкүнә сәбидің

күлкісіне теңеуі де орынды болмақ. Тіпті қазіргі күннің өзінде тәуелсіздікке қол жеткізе алмай қаншама елдің шарқ ұрып жүргендігін көзімізбен көріп те жүрміз. Біздің халық бұл тәтті де қымбат ұғымның қадірін ерекше бағалайды, болашағын байыппен бағадайды деп білеміз. Оларды қазақ поэзиясындағы азаттық туралы жазылған өлеңдерден байғауға болады. Жалпы еркіндік, азаттық тақырыбы әдебиеттің мәңгілік тақырыптарының бірі де бірегейі. Сондықтан, алдағы уақыттарда да бұл тақырып әдебиеттің басты тақырыптарының бірі болып қала береді деген ойдамыз.

Ал енді ішкі факторларға саяси-әлеуметтік жағдайлардың тұйыққа тірелуі, адамдардың, соның ішінде шығармашылық субъектілерінің өздерінің әлеуметтік жағдайларының нашарлауы тәуелсіздіктің ішкі жағындағы кедергілерді көрсетеді. Біздің поэзияда, ақындарымыздың шығармашылығында бұл екі фактор да орын алды. Ақындарымыз сырты факторларды бойларына сіңіре отырып, олардың трансформациялануы арқылы жаңа туындыларды дүниеге алып келді. Содан барып жалпы поэзиялық шығармаларды тұтастай қамтыған күйзеліс пен иналыс, мұңлы сарын, қатулы қабақ пайда болды. Біз тануға тиісті шындықтар көркем шығармалардан тіпті қоюлана түсіп, айқын көрініс бере бастағанын байқаймыз. Бұл қоғамдық орта қалыптастырған әрі әлеуметтік, әрі өмірлік шындық. Мәселен, Ш.Әбдікәрімовтың “Ел көшті” өлеңіндегі қазіргі қазақ елінің тағдыры былайша суреттелеген:

Сол сұрақ...  
Сол бір сұрақ ырықты алып,  
Шыбықтай тұрып кетем сынып барып.  
Шықпайды көкейімнен жауабы әзір,  
Тобықтай тамағыма тұрып қалып.  
Дертінді жүрмесе де елеп ешкім,  
Мен сезем,  
Көзі соқыр көр емеспін.  
Тау асқан Алаш жұртың аз ба саған,  
Ана-жұрт,  
Ата-жұрттан неге көштің? [11, 27]

– деген жолдарда белгісіздеу бір бөлшегі ел-жұрттың туған мекеніне қоныс аударуына баса назар аударған. Туған жер, ата қоныс қазақ халқы үшін қашанда ыстық, қымбат. Алайда адамның ол жерден ауа көшуі қазақ баласына төнген ауыртпашылықты көрсетсе керек. Өлеңде ақын осы жайттарды көрсетуге барынша тырысып баққан. Ақын өзі тұрған Байқоңыр қаласының қазіргі геосаяси жағын барынша ақтарып, ұрандатудан гөрі елдің ата қонысынан ауа көшуін айту арқылы жалпы халыққа, қоғамға ой тастаған.

**Қорытынды.** Түйіндеп айтқанда, XX ғасыр басында тарих сахнасында патшалық Ресейді Кеңес одағы алмастыруы оқиғасы орын алды. Өз кезегінде әуелі патшалық Ресейдің кейіннен Кеңес одағының құрамында отар болған қазақ еліне бұл саяси оқиғалар да үлкен әсер етті. Бастысы халықтың белгілі бір бөлігінің көзі ашылды. Сауаттана бастады. Империядан Одаққа айналған елден азаттықты алып қалуға ұмтылған қазақ зиялылары жанкештілікпен әрекет етіп жатты. Олар бұл әрекеттерін нәтижеге бастайтын нәрсе әдебиет екенін сезе білді. Әдебиет болғанда халықтың негізгі бөлігі әлі де қараңғылық құшағында жатқандықтан оларға өз сөзін жеткізуді қазақ ақындары өлең сөзге сеніп тапсырды. Нәтижесінде М.Дулатов қазақты жырымен оятса, А.Байтұрсынұлы ұйқыдағы қазақты маса болып оятуды мақсат етті. М.Жұмабаев тәуелсіздік жолындағы майданда түбінде сөзсіз жеңіске жететін жастарға үлкен сенім артты.

Заманның шындығын сөз етіп, халықтың мақсат-мұраты болған тәуелсіздік төңірегінде ұлт болып ұйысуға шақырған XX ғасыр басындағы қазақ ақындарының өлеңдері 100 жыл өтсе де өзінің маңызын жоя қоймады. Олардың өлеңдеріндегі кеңестік жүйенің буынын бекітуге қарсы келетін осы бір жат элементті XX ғасырдың 30-жылдарында-ақ байқап қойған

Кеңес Үкіметі қазақ ақындарының көбін қудалады. Сол арқылы әдебиеттегі қазақ халқының тәуелсіздік идеясын көтеруге тыйым да салуға тырысып бақты. Сонымен қатар, олар белгілі бір дәреже өз дегендеріне қол жеткізе алды. Дегенмен, қазақ ақындары қылышынан қан тамған кеңестік жүйенің қол астында, бақылауында өмір сүре жүріп те, біртұтас ел болуды жырлаудан аянып қалған емес. Мәселен бүгінде Қазақстан Республикасының Әнұраны болып қабылданған Жүмекен Нәжімеденовтің “Менің Қазақстаным” атты өлеңі ә-дегеннен өзін қазақ сезінетін әрбір жанның тұла бойын шымырлатып, олардың тәуелсіздік үшін күреске шақыра алады. Сол себептен де 1986 жылдың желтоқсанында Алматы қаласында кеңестік жүйенің озбыр саясатына қарсы шыққан қазақ жастары дәл осы әнді ұран етіп, алаңда шырқады. Тәуелсіздік алғаннан кейін туынды авторлары бұл әннің Қазақстанда тың игеру жылдары белең алып, республиканың солтүстіктегі 5 облысын Ресейге қосу сынды қитұрқы саяси шешімдерге қолға алынғалы тұрған шақта дүниеге келгенін айтты. “Поэзия – адамзаттың көркемдік ойлау дүниетанымының көрсеткіші” [12, 328] дегендей осынау қиын сәтте дүниеге келіп, тәуелсіздік идеясын мәтіндегі әрбір сөздің ығына жасырған өлеңнің құдіреті еріксіз таң қалдырады.

Тәуелсіздікке дейінгі жылдары Алаш алыптарының бірінен соң бірінің ақталуы да қазақ әдебиетіне үлкен дүмпуалып келді. Тіпті жамбылдық ақын Бауыржан Үсенов бір жылда атылып кеткен алыптардың аянышты халі суреттелетін «Қара машина» атты өлең жазып, қазақ әдебиетіндегі тәуелсіздік тақырыбын көтеру мәселесіне қозғау сала түсті. XX ғасыр басындағы Алаш қайраткерлері мен ақындарымыз өзіне дейінгі замандарда негізі салынған дәстүрлі поэзияны одан әрі әртараптандырып, дамыта түсті. Ал олардан кейінгі Кеңестік дәуірдегі ақындарымыз, өз жырларымен халықтың рухын оятып, тәуелсіздік идеясының ел жадында жаңғыруын жеделдетуге күштерін салды. Мұның балығы, әдебиетіміздегі дәстүр мен жаңашылдық деп аталатын үлкен ұғымның көлемінде қарастырылатын ауқымды мәселеге айналғандығы анық. Бұл туралы Т.Шапайдың: “Дәстүр жалғастығы – әдебиет, соның ішінде поэзия үшін де, дамудың тамырдай магистральды арқауларының бірі” – деген пікірі еркісіз ойға оралады [13, 78].

Қоғамның өз-өзінен қожырап, жалпы ұранға айналған құндылықтар өзін-өзі жоққа шығара бастаған кезеңде, жаңа арна тауып ағуға ұмтылған шығармашылық тасқынын белгілі бір арнаға түсіре білген таланттар бұл күнде әдебиет айдынына өздерінің еркін жүзу алаңын жасай білді. Ойлау әлемінде қалыптасқан тұрақты шаблондарды бұзып, жария жайдақтықтан бөлек ойы нәзік, сыры терең, рухы қуатты лирикалық туындыларды өмірге алып келді. Осылайша поэзиялық шығармалар ішкі кеңістікке, ішкі қуатқа ие болды. Шығармашылық субъектісінің дүниетанымы өзгеріп, танымдық құбылыстардың да басқа қырлары біртіндеп ашыла түсті. Яғни “өмір құбылыстарының ішкі сырын, мәнін терең ашып беретін, олардың қасиет-сипатын, типтік тұрғыдан саралап көрсететін” [14, 45] шынайы өмір мен көркемөнер арасындағы байланыстың нәзік желілері айқындала бастады. Бұл орайда біз әдебиеттегі барша жақсыны жоғарыдағы буынға таңып, оларды әрлеп, әшекейлеп түсуден аулақпыз. Айтпағымыз олардың алдындағы буынның өкілдері мойынсұна бастаған жария ұран, жасанды тамсанудың жойылғандығы, адам мен өмірдің бетпе-бет келіп, поэзиядағы кейіпкерлердің ішкі толғанысы, күрсінісі арқылы, ақындардың бұрынғыдай жадағай суреттеуден арылып, сол оқиғаға тікелей араласушы ретінде байқалғандығы [15, 88]. Сондықтан ойымызды түйіндеп, жүйелеп, қорыта келгенде айтарымыз, уақыт пен қоғамның сұранысын қабылдау призмасы тұрғысынан қарағанда, әдебиеттің даму ағымындағы дәстүр мен жаңашылдық категориясының мәні мен маңызы айрықша.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

1. Р.Нұрғали. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана: Күлтегін, 2002. - 528 б.
2. Әбдіқадырова Т.Р., Әбдімомынов Е.Б. Алаш және ұлт әдебиеті (XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті). – Тараз, 2015. – 309 б.

3. Торайғыров С. Өлеңдер мен аудармалары. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1993. – Т.1. – 285 б.
4. Көпеев М.Ж. Таңдамалы: екі томдық. – Алматы: Ғылым, 1998. –Т.1. – 246 б.
5. Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. – Алматы: Жазушы, 2008. –Т.2. – 528 б.
6. Ерғөбек С.С. Қазақтың дәстүрлі жазба әдебиеті (XIX-XXғ.ғ.). – Түркістан: Тұран, 2012. – 220 б.
7. Базарбаев М. Заман тудырған әдебиет. – Алматы: Жібек жолы, 2005. – 365 б.
8. Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы. – Алматы: Ғылым, 1991. – 210 б.
9. Айтұлы Н. Рухымның падишасы. – Алматы: Жазушы, 2005. – 147 б.
10. Тұржан О. Махамбет өлеңдерінің поэтикасы. – Алматы: Ақиқат, 2003. – № 9. – 134 б.
11. Әбдікәкімов Т. Ырауан: өлеңдер, балладалар, толғау. – Алматы: Атамұра, 2010. – 230 б.
12. Тебегенов Т., Асылбекұлы С. Жұмекен Нәжімеденов поэзиясының көркемдік сипаты. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ХАБАРШЫСЫ, «Филология» сериясы, №4(74), 2020. – 483 б.
13. Шапай Т. Шын жүрек бір жүрек. – Алматы: Жазушы, 1999. – 280 б.
14. Ысқақ Д. Сын өнері: Әдеби сынның теориясы. – Алматы: ҚАЗАҚПАРАТ, 2001. – 304 б.
15. Ержанова С.Б. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ поэзиясының көркемдік тұтастығы мәселелері // Фил. ғыл. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайын. диссертация. – Алматы, 2009. – 286 б.

#### References

1. Nurgali R. Kazak adebietinin altyn gasyry. - Astana: Kultegin, 2002. - 528 B.
2. Abdyqadyrova T.R., Abdymominov E. B. Alash jane ulttyk adebiet (XX gasyr basyndagy kazak adebieti). – Taraz, 2015. - 309 B.
3. Toraigyrov S. Olender men audarmalar. Eki tomdyk shygarmalar jynntygy. - Almaty: Gylym, 1993, T. 1– - 285 B.
4. Kopeev M.J. Tandamaly: Eki tomdyk. - Almaty: Gylym, 1998. T. 1– - 246 B.
5. Jeti gasyr jyrlaidy: eki tomdyk. - Almaty: Jazyshy, 2008. - T. 2 – - 528 B.
6. Ergobek S.S. Dasturli kazak jazba adebieti (XIX-XX gg.). - Turkistan: Turan, 2012. - 220 b.
7. Bazarbaev M. Zaman tudirgan adebiet. Almaty: Jibek Joly, 2005. – 365 B.
8. Kazak poeziasyndagy dastur ulasy. Almaty: Gylym, 1991. – 210 B.
9. Aituly N. Ruhymyn padishasy. - Almaty: Jazushy, 2005. - 147 b.
10. Turjan O. Mahambet olenderinin poetikasy. - Almaty: Akikat, 2003. - № 9. - 134 b.
11. Abdikakimov T. Irauan: olender, balladalar, tolgay. - Almaty: Atamura, 2010. – 230 b.
12. Tebegenov T., Asylbekuly S. Jumeken Najimedenov poeziasynyn korkemdik sipaty. - Almaty: Kazupu habarshysy. Abai, Filologia Seriasy, №4(74), 2020. – 483 B.
13. Shapai T. Shyn jurek, bir jurek. - Almaty: Jazushy, 1999. - 280 B.
14. Iskak D. Syn oneri: adeby synnin teoriasy. - Almaty: Kazakparat, 2001. - 304 b.
15. Erjanova S. B. Tauelsizdik kezenindegi kazak poeziasynyn korkemdik tutastygi maseleleri // Filol. gylym. gylymy doktory darejesin aluga daydalgan. disertacia. Almaty, 2009. - 286 b.



**АУДАРМАТАНУ  
ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ  
TRANSLATION**

**МРНТИ 17.82.10**

\*Mehmet G.,<sup>1</sup> Alpysbayeva A.E.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Haci Bayram Veli University,  
Turkey, Ankara

<sup>2</sup>Al-Farabi Kazakh National University,  
Almaty, Kazakhstan

<sup>1</sup>Associate Professor, g.mehmet@gmail.com.

<sup>2</sup>Doctoral student, aygul.alpysbaeva.91@mail.ru

**TRANSLATION OF PROPER NAMES FROM KAZAKH INTO ENGLISH (IN THE CASE OF  
TURKISTAN BY M. JUMABAYEV): LINGUISTIC AND CULTURAL ASPECTS**

The article is the first to consider the translation of proper names used in M. Zhumabaev's poem *Turkestan* from Kazakh into English from the point of view of the principles of foreinization and domestication. This famous work of the poet, which describes the whole essence of the Turkic peoples, is saturated with historical and culturally distinct anthroponyms and toponyms. The analytical part examines the question of how this information was reflected in the target language, how much the calorie was adopted or preserved. In general, the translation of proper names from Kazakh into English is one of the branches of domestic translation studies that needs scientific substantiation and research development.

Key words: culture, history, culture-specific items, artistic translation, foreinization and domestication.

\*Мехмет Г.,<sup>1</sup> Алпысбаева А.Е.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Хаси Байрамвели университеті,  
Түркия, Анкара

<sup>2</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы, Қазақстан

<sup>1</sup>доцент, g.mehmet@gmail.com.

<sup>2</sup>докторант, aygul.alpysbaeva.91@mail.ru

**ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕРДІҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ (М.  
ЖҰМАБАЕВТЫҢ ТҮРКІСТАН ӨЛЕҢІ БОЙЫНША): ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ  
МӘДЕНИ АСПЕКТІЛЕР**

Мақалада алғаш рет М. Жұмабаевтың Түркістан өлеңіндегі жалқы есімдердің ағылшын тіліне аударылу ерекшеліктері доместикация және форенизация тұрғысынан қарастырылады. Бүтіндей бір түркі әлемінің болмысын сипаттайтын өлең жолдары тарихи, мәдени шартталған антропонимдер мен топонимдерге тұнып тұр. Осы ақпарат аудармада қалай көрініс тапты, қаншалықты бейімделді немесе ұлттық калорит сақталып қалды деген сұрақтарға жауап беріледі. Жалпы, жалқы есімдердің қазақ тілінен ағылшын тіліне аударылуы әлі де толығымен ғылыми негізделмеген, зерттеуді талап ететін отандық аударматану салаларының бірі.

**Кілт сөздер:** мәдениет, тарих, мәдени шартталған атаулар, көркем аударма, форенизация және доместикация.

\*Мехмет Г.,<sup>1</sup>Алтысбаева А.Е.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Университет Хаси Байрамвели,  
Турция, Анкара

<sup>2</sup>Казахский национальный университет им. Аль-Фараби,  
Алматы, Казахстан

<sup>1</sup>доцент, g.mehmet@gmail.com.

<sup>2</sup>докторант, aygul.alpysbaeva.91@mail.ru

## ПЕРЕВОД ИМЕН СОБСТВЕННЫХ С КАЗАХСКОГО НА АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК (ПО СТИХОТВОРЕНИЮ ТУРКЕСТАН М. ЖУМАБАЕВА): ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ И КУЛЬТУРНЫЕ АСПЕКТЫ

В статье впервые рассматривается перевод имен собственных использованных в стихотворении Туркестан М. Жумабаева с казахского на английский язык с точки зрения принципов форенизации и доместикации. Данное знаменитое произведение поэта которое описывает всю сущность тюркских народов насыщена историческими и культурно обособленными антропонимами и топонимами. В аналитической части исследуется вопрос как данная информация была отражена на языке перевода, насколько была адаптирована или же сохранен калорит. В целом, перевод имен собственных с казахского на английский язык является одним из отраслей отечественного переводоведения которая нуждается в научном обосновании и развитии исследования.

**Ключевые слова:** культура, история, культурно обособленные названия, художественный перевод, форенизация және доместикация.

**Introduction.** The first category of culture-specific items (hence CSIs) proposed by Aixela is called proper names. According to Howard, “proper names refer to specific person, place, or thing, and are usually capitalized” (Howard 2009: 1). In other words proper names are words and phrases referring to some unique object or entity and has its’ first letter capitalised. According to Espindola anthroponyms include people’s names and nicknames as well encompassing names that refer to regional background, e.g., Benny, Perriera, Rocket (Espindola 2006: 49-50). Whereas, Davies is particularly interested in literary translation and tries to draw the line between meaningful proper names that bear culture specific connotations and those that are common in several cultures and do not bear any figurative meaning (Davies 2003: 71). The scholar states that some proper names “seem to be intercultural, in the sense that they are commonplace in several cultures, while others may be described as acultural in that they are not identifiable as belonging to any particular language or culture” (Davies 2003: 71). Some proper names can not be ascribed as CSIs of only one culture, because several cultures use them or because some of them have become very well known and cannot be identified as belonging to one culture. In this article, the proper names will be categorised following Howard’s categorisation. Howard introduces eight categories of proper names: (1) part of a person's name; (2) given or pet names of animals; (3) geographical and celestial names; (4) monuments, buildings, meeting; (5) historical events, documents, laws, and periods; (6) groups and languages; (7) religions, deities, scriptures; (8) awards, vehicles, vehicle models, brand names (Howard 2009: 1).

